



Демократиялық Институттар және Адам құқықтары Бюросы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ 2019 жылғы 9 маусым

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның сайлаудың бақылау миссиясының
қорытынды баяндамасы



Варшава
4 қазан 2019 ж.

МАЗМҰНЫ

I.	ҚЫСҚАША ШОЛУ	1
II.	КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС СӨЗДЕР	4
III.	ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІН	5
IV.	ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ	6
V.	САЙЛАУ ӘКІМШІЛІГІ	8
VI.	САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ	10
VII.	КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ	11
VIII.	САЙЛАУ АЛДЫ НАУҚАНЫ	13
IX.	САЙЛАУ АЛДЫ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	15
X.	БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	17
A.	БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА.....	17
A.	МЕДИА МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	19
XI.	НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН ШАҒЫМДАР	20
XII.	САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ	22
XIII.	САЙЛАУ КҮНІ	23
A.	ДАУЫС БЕРУ МЕН САНАУ.....	24
B.	ДАУЫСТАРДЫ САНАУ.....	25
C.	НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАУ МЕН ЖАРИЯЛАУ.....	25
XIV.	САЙЛАУДАН КЕЙІНГІ ЖАҒДАЙ	26
XV.	ҰСЫНЫСТАР	27
A.	БАСЫМ ҰСЫНЫСТАР.....	27
B.	БАСҚА ҰСЫНЫСТАР.....	29
	ҚОСЫМША I: САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ	32
	ҚОСЫМША II: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫНЫҢ БАҚЫЛАУШЫЛАР ТІЗІМІ	33
	ДИАҚБ ЖАЙЛЫ	43

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ
2019 жылғы 9 маусым

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның сайлауды бақылау миссиясының қорытынды есебі¹

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазақстан Республикасының шақыруынан кейін және өз мандатына сай, ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) мерзімінен бұрын өткізілетін президенттік сайлауды байқау мақсатымен 2019 жылдың 8 мамырында Сайлауды байқау миссиясын (СБМ) бастады. ДИАҚБ СБМ сайлау барысының ЕҚЫҰ және басқа да демократиялық сайлау жөніндегі халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға, сонымен қатар жергілікті заңнамаға сәйкес өтуін бағалады. Сайлау күні ДИАҚБ СБМ мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының ортақ күштерінің нәтижесінде Халықаралық сайлауды бақылау миссиясы (ХСБМ) құрылды. ДИАҚБ СБМ сайлау күнінен кейінгі жағдайды бақылау үшін мемлекетте 19 маусымға дейін қалды.

ХСБМ 10 маусым күні шыққан Алдын ала қорытындылар және нәтижелер жөніндегі мәлімдемесі сайлау «әлеуетті саяси реформаларды енгізуге ыңғай тудырғанымен, бұл негізгі бостандықтардың бұзылуы мен сыни үндеулерге қысым көрсету сынды жайттармен түнертілді. Жеті үміткердің болуы және олардың арасында алғаш рет әйел үміткердің болғанымен, кандидаттылыққа ұсыну құқығына елеулі кедергілер жасалып, бейбіт жиналыс және ой бостандықтарына шектеу салу шынайы саяси плюрализмге кедергі болды. Қысқа мерзімнің берілуіне қарамастан, сайлауға дайындық жұмыстары тиімді ұйымдастырылып, сайлау күні ретімен өтті. Дегенмен, сайлау күні сайлау жәшігіне бірнеше бюллетень тастау сынды бірқатар маңызды бұзушылықтар байқалды, және дауыстарды санау тәртібіне енжарлық таныту ЕҚЫҰ міндеттемелерінде бекітілген әділ дауыс санау кепілдігінің жоқтығын көрсетті. Ірі қалаларда сайлау күні бейбіт наразылық білдірушілерді жаппай тұтқынға алу орын алды.»

Бұл Қазақстан Республикасының 1991 жылдан бері президенті болған, Тұңғыш президент атағын және Нұр Отан саяси партиясының төрағасы және Қауіпсіздік Кеңесінің өмір бойы төрағасы лауазымдарын сақтап қалған Нұрсұлтан Назарбаевтың билік басын өз еркімен босатқаннан кейінгі алғаш сайлау болды. Үміткерлердің саны саяси әртүрліктің бейнесін туғызғанымен, тек кейбіреуі ғана нақты ұсыныстар мен айқын сыни үгіт насихат кампанияларын ұсынды. Сайлау билік басындағы Нұр Отан партиясы үстемдік еткен және азаматтық қоғам мен оппозиция көзқарастарын шектеу саяси аясында орын алды. Саяси күштердің осындай шоғырлануы 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатымен міндеттелген шынайы саяси плюрализмнің дамуына кедергі келтіреді.

Сайлау туралы заң сайлауды өткізу бойынша техникалық негіз болғанымен, сайлау үрдісінің, әсіресе сайлау күнгі тәртіптердің, дауыстарды санау және жинақтау (табуляция) тәртіптерінің тұтастығының кепілдігін қамтамасыз етпейді. Конституциямен кепілдендірілген жиналыс, ой, қауымдастық құру, ақпаратқа қолжетімділік және саяси өмірге қатысу бостандықтары заңмен елеулі түрде шектелген. Соңғы заңды түзетулерге қарамастан, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның алдыңғы ұсыныстарының басым көпшілігі елеусіз қалды. Заң мен оны іске асырудағы едәуір кемшіліктер сайлау процессіне кедергі туғызып, заңнаманы ЕҚЫҰ міндеттемелері мен өзге де халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттілігін айқындайды.

¹ Осы есептің тек ағылшынша нұсқасы ресми құжат болып табылады. Бейресми нұсқалары қазақ және орыс тілінде ұсынылған.

Сайлауға дайындық сайлау комиссиясымен берілген мерзім аясында тиімді ұйымдастырылды. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) жүйелі түрде ашық жиналыстар өткізіп, ақпаратты уақытылы түрде жариялап отырды. Іс жүзінде төменгі деңгейдегі комиссиялардың бірқатарында биліктегі партия өкілдерінің санының артықшылығы тағайындау механизмдеріне және олардың бейтараптылығына күмән туғызды. ОСК сайлаушыларды оқыту бойынша ауқымды бағдарлама ұсынды. Көптеген учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) үйлерді аралау арқылы сайлау күні жайлы ақпаратты жеткізді, алайда кейбіреулерінің дауыс берушілердің сайлауға баратын-бармайтыны жайлы сауалнама алып, жауаптарын жазып алуы кей дауыс берушілермен қысым ретінде бағаланды.

12 миллионға жуық сайлаушы тіркелді. Заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, сайлаушылар тізімі алдыңғы түрлі дерек көздерін қолдану тәжірибесін жетілдіру нәтижесіндегі мемлекеттік азаматтық тіркелім деректеріне негізделі отырып жасалды. Сайлаушылар тізімі қоғамдық бақылауға ашық болды. Тіркелмеген, бірақ сайлау учаскелеріне тиесілі болып табылатын тұрғылықты мекенжайларын растай алған дауыс берушілер сайлау күні тізімге енгізіле алды, және бұл қайта тіркелу мүмкіндігіне жол ашты. Арнайы сайлау учаскелерінде тіркелген кейбір сайлаушылар өздерінің тұрақты мекенжайларында да тіркеуде қалды. Сайлаушылар тіркелген мекенжайларынан тыс кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік беретін есептен шығару куәлігіне (ЕШК) тапсырыс бере алды. ЕШК-ға еш негізсіз тапсырыс беру мүмкіндігі және сайлау күнінен кейінгі ЕШК қолдану есебінің жоқтығы ЕШК жайлы алаңдатушылықтардың сақталуына себеп болды. Халықаралық стандарттарға қайшы, бас бостандығынан айырылған және сот үкімі бойынша әрекет етуге қабілетсіз болып танылған азаматтар дауыс беру құқығынан айырылды.

Үміткерлердің құзыреттілігіне қатысты құқықтық негіз қатаң түрде шектеліп, үміткер болуға жарамды азаматтардың көбіне кандидаттылыққа ұсынылуына кедергі келтіреді. 2017 жылғы конституциялық және заңнамалық өзгертулер өзін-өзі ұсыну құқығының күшін жойып, қосымша құзыреттілік талаптарын енгізу арқылы үміткерлер резервін айтарлықтай кемітті. Атап айтқанда, біліміне, мекенжайына және мемлекеттік қызметтегі немесе кез келген мемлекеттік лауазымда болу тәжірибесінің болуына қатысты қойылған талаптар ЕҚЫҰ міндеттемелері мен халықаралық стандарттарға қайшы болып табылады. Кандидаттыққа құзыретті тоғыз үміткердің біреуі кандидатурасын алып тастады, ал біреуі тіл емтиханынан өте алмады. Тілді білу қабілеттерін бағалау үшін анық критерийлері болған жоқ. Қалған жеті үміткердің барлығы үш күн ішінде қажетті 118,140 қолдаушы қолдарын жинап, тіркеуден өтті.

Сайлау алды науқаны аса көрнекті болған жоқ және шектеулі ғана қоғам қызығушылығын тудырды. Сайлау штабтарында белсенді болғанымен, әйелдер басшылық қызметтерде болған жоқ, және кандидаттар гендерлік мәселелерді қозғаған жоқ. Бір де бір кандидат үгіт насихат жұмыстарын өткізу орнына байланысты қиыншылықтарды хабарламағанымен, қоғамдық жиналыстарды өткізу үшін хабарлама беру орнына алдын-ала он күн бұрын рұқсат алу талабы халықаралық стандарттарға қарсы болып табылады. Полиция қызметкерлері бейбіт жиналыстарға жол бермеу мақсатында тұтқындау және тергеулер жүргізіп, арты ұйымдастырушыларға айыппұл салу мен қамауға алу шараларына ұласқан жағдайлар орын алды. Президент қызметін атқарушы Тұңғыш президенттің аса қолдауына ие болды. Кей кездерде мемлекеттік қызметкерлер мен студенттер ДИАҚБ СБМ-на мемлекеттік қызметкерлер тарапынан сайлау алды науқанының аясындағы іс-шараларға баруға және президент қызметін атқарушы үміткерге дауыс беруге нұсқаулықтар берілгенін мәлімдеді. Аталмыш әрекеттер биліктегі партия мен мемлекет арасындағы шекараны бұзып, ЕҚЫҰ міндеттемелерінде бекітілген сайлаушылардың өз дауыстарын еркін беру қабілетіне күмән тудырды. Ой еркіндігі мен ақпаратқа қолжетімділік құқығы конституциямен кепілдендірілгенімен, заңмен қатаң шектелген. ДИАҚБ-ның алдыңғы ұсыныстарына қарамастан, диффамация және жәбірлеу қылмыстық бұзушылық болып сақталып қалды.

Заңмен бұйырылған санкциялар, белгілі бір сайттарды бұғаттау, және күнделікті түрде әлеуметтік желілерге шектеу салу өзін-өзі цензуралауға, сондай-ақ шектеулі онлайн саяси пікірталасқа әкеліп соқты. БАҚ сайлау алды науқаны аясындағы әрбір үміткерге ресми түрде бөлінген уақытқа қол сұқпағанымен, президент қызметін атқарушының өзінің ресми құзыреттілігінде жан-жақты көрсетілуі және оның сайлануына Тұңғыш президенттің қолдауы барлық үміткерлерге тең ойын алаңын ұсынуға жол бермеді. Аталмыш барлық жайттар сайлаушылардың ақпараттан хабардар саналы түрде таңдау жасау қабілетіне кедергі тудырды.

Сайлау туралы заң сайлау алды науқанын мемлекеттік және жеке қаржыландыру жөніндегі мәселелерді қамтиды. Дегенмен, мемлекеттік қаржыландыруға өтініш беру және оны жұмсау үрдісі өте күрделі болып табылады. Мемлекеттік қаржыландыру бойынша қорытынды есеп халыққа жария болмай, есеп беруге міндеттілікті азайтты. ОСК кандидаттардың қаржылық салымдары мен олардың жұмсалыуына қатысты есептерді сайлау күнінен бір күн бұрын жариялады. Алайда, аталмыш салымдар мен шығындардың бөлініп көрсетілмеуі жалпы ашықтықты азайтты.

Заң сайлауға мүдделі тұлғаларға сайлауға қатысты шағымдарды сайлау комиссияларына немесе сотқа жіберулеріне мүмкіндік береді. Дегенмен, кей кездерде территориялық сайлау комиссиялары шағымдарға қатысты заңдық құзыретінен бас тартып оларды сотқа жіберсе, соттар бұл шағымдар ТСК құзыретінде деп танып, соның нәтижесінде шағымдар қараусыз қалған кездер болды. ОСК дауларға қатысты шешімдерді жарияламағандықтан, транспаренттілік пен құқықтық қорғауға кері әсерін тигізді. Сайлаудың қорытынды нәтижелеріне шағымдану құқығы тек президентке, парламент спикерлеріне, премьер-министрге немесе парламент мүшелерінің кем дегенде бестен бір бөлігіне тиесілі. Барлық деңгейдегі соттар тек президентпен тағайындалып не орнынан алынып тасталғандықтан соттарды билікті бөлісу қағидатына қайшы басшылыққа тәуелді етеді.

Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық бақылаушыларды қамтиды. Халықаралық бақылаушылар ОСК-ның аккредитациясын өтсе, азаматтық бақылаушылардың аккредитациясына қатысты ешқандай ресми тәртіптер жоқ. Азаматтық қоғамға бөлінген шектеулі орынға қарамастан, бірқатар ұйымдар өздерінің бақылаушыларын жіберді, бірақ ДИАҚБ СБМ-ның көптеген сұхбаттасушылары кей азаматтық бақылаушылардың саяси қатыстылығы мен дербестігіне қатысты алаңдатушылықтарын білдірді. Сайлау күні барысында, бірнеше учаскелік сайлау комиссиялары мен аумақтық сайлау комиссиялары бақылаушыларды мәнді бақылау жүргізу үшін тиесілі жағдайлармен қамтамасыз еткен жоқ.

Сайлау күні тиімді ұйымдастырылғанымен, сайлау жәшігіне бірнеше бюллетень тастау, топтық дауыс беру және сайлаушылар тізімдерінде бірнеше бірдей қолдардың болуы сынды елеулі бұзушылықтар ел бойынша байқалды. Дауыстарды санау бақылаушылардың жартысынан көбінде кері бағаланып, сонымен қатар әдейі бұрмалау кездері байқалған. Бұл 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.4 параграфымен міндеттелгендей бюллетеньдердің әділ саналып тіркелгеніне едәуір күмәнін тигізді. Жалпы, нәтижелердің кестеленуі бірнеше жағдайларда ашық емес өтіп, көптеген ТСК-да жарамсыз бюллетеньдердің жүйесіз түрде жинақталуы сияқты бірқатар сәйкессіздіктер бақыланды.

Сайлау күні сайлау үрдісіне қатысты бірқатар бейбіт наразылықтар күшпен таратылып, ірі қалалардағы жаппай тұтқынға алуларға әкеліп соқты. Сайлаудан кейін тұтқынға алулар көшпелісоттардың тергеу изоляторларында қоғам мен бақылаушыларға жабық түрде, ешбір дәлелдерді зерттеусіз және көптеген жағдайларда құқықтық қорғауға мүмкіндіксіз сот істерін қарастыруларына ұласты. Ешбір сайлау учаскесі деңгейіндегі нәтижелер бұзушылықтар үшін жойылмағандықтан, ОСК қорытынды нәтижелер хаттамасын 10 маусым күні қабылдап, шағымдарды қабылдау мерзімі біткенге дейін Қ.Тоқаевты жеңімпаз етіп жариялады.

Бұл баяндама Қазақстандағы сайлауларды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және өзге де демократиялық сайлау өткізудегі халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сай етіп жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды береді. Басым ұсыныстар қазіргі заңнаманы қайта қарастыруға, сайлау комиссияларының құрамына, сайлаушылардың тіркелуінің тұтастығына, кандидаттарға қойылған талаптарға, сайлау алды науқанының ортасына, сонымен қатар жиналыстар мен ой бостандығы, БАҚ-пен қамту, дауларды шешу және нәтижелерді жариялауға қатысты болып табылады. ДИАҚБ өкіметке сайлау процессін жетілдіріп, осы және алдыңғы есептердегі берілген ұсыныстарды жүзеге асыруға көмегін беруге дайындығын білдіреді.

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС СӨЗДЕР

Қазақстан Республикасының үкіметінің кезектен тыс президенттік сайлауды бақылау үшін шақыруынан кейін және сәуірдің 16-нан 18-не дейін өткен Қажеттілікті бағалау миссиясының ұсыныстарының негізінде ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) мамырдың 8-де Сайлауды бақылау миссиясын (СБМ) бекітті. Елші Уршула Гацектің басшылығындағы ДИАҚБ СБМ Нұр-Сұлтан қаласында бекітілген 13 негізгі топ мүшелерінен және 14 мамыр айында ел бойынша 11 аймаққа жіберілген 22 ұзақ-мерзімді бақылаушылардан тұрды.

Сайлау күні ДИАҚБ СБМ мен ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) өкілдігінің күштерінің бірігуі нәтижесінде Халықаралық сайлауды бақылау миссиясы (ХСБМ) құрылды. Георги Тцеретели мырза, ЕҚЫҰ ПА президенті ЕҚЫҰ-ның Қазіргі төрағасымен Арнайы үйлестіруші және ЕҚЫҰ қысқа-мерзімді бақылау миссиясының басшысы болып тағайындалды. Маргарета Кинер Неллен ханым ЕҚЫҰ ПА бастап келді. Берілген ХСБМ-ға қатысушы әр мекеме 2005 жылғы Халықаралық сайлауды бақылау қағидаттарының декларациясын² қолдайды. Жалпы, 40 мемлекеттен 339 бақылаушы жіберіліп, олардың ішінде ДИАҚБ атынан 290 ұзақ және қысқа мерзімді бақылаушы және ЕҚЫҰ ПА атынан 49 мүшеден тұратын өкілдік болды. Ел бойынша ашылу рәсімдері 133 және дауыс беру 1352 сайлау учаскелерінде бақыланды. Дауыстарды санау 131 сайлау учаскелерінде бақыланып, жинақтау 95 Аймақтық сайлау учаскелерінде бақыланды. СБМ Қазақстанда сайлаудан кейінгі жағдайды бақылау үшін 19 маусымға дейін қалды.

ДИАҚБ СБМ сайлау үрдісінің ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлау бойынша өзге де халықаралық стандарттар мен міндеттемелерге сәйкестігіне баға берді. Бұл қорытынды баяндама 2019 жылдың 10 маусымында пресс-конференция кезінде жарияланған Алдын ала қорытындылар мен нәтижелер жөніндегі мәлімдеменің жалғасы болып табылады.³

ДИАҚБ СБМ Қазақстан Республикасының билігіне сайлауды бақылауға шақырғанына, сонымен қатар Орталық сайлау комиссиясына және Сыртқы істер министрлігіне ынтымақтастықтары мен көмектері үшін алғысын білдіреді. Сонымен қатар өзге де ұлттық және жергілікті мемлекеттік мекемелердің өкілдеріне, кандидаттарға, саяси партияларға, азаматтық қоғамға, БАҚ өкілдеріне, халықаралық қауымдастыққа және басқа да сұхбаттасушыларға олардың серіктестіктеріне және өз ойларымен бөліскендеріне ризалығын білдіреді.

² 2005 жылғы [Халықаралық сайлауды бақылау қағидаттарының декларациясын](#) қараңыз.

³ [Барлық алдыңғы ДИАҚБ-ның Қазақстан бойынша сайлауға қатысты есептерін](#) қараңыз.

III. ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІН

Наурыздың 19 күні 1991 жылдан бері Қазақстанның президенті болған Нұрсұлтан Назарбаев өз еркімен президенттік өкілеттігін тоқтатты. Конституцияға сәйкес, Президент өкілеттілігі Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа берілді.⁴ Н.Назарбаев Тұңғыш Президент лауазымын сақтап, биліктегі Нұр Отан саяси партиясының төрағасы және Қауіпсіздік Кеңесінің өмірінің соңына дейін төрағасы болып қалды.⁵ Сәуірдің 9 күні Қ.Тоқаев кезектен тыс президенттік сайлау 9 маусымда өтетінін жариялап, сайлау еркін, ашық әрі әділ өтетінін ерекшелеп өтті.⁶ Аталмыш сайлау қатарынан алтыншы кезектен тыс тікелей ұлттық сайлау болып табылады.

Қазақстан президентке парламентті таратуға, заңға бастама беруге немесе вето салуға, сыртқы істер, ішкі істер және қорғаныс министрлерін, сондай-ақ ОСК төрағасы мен оның екі мүшесін тағайындауға кең құзыреттер берілген президенттік республика болып табылады.⁷ Бұл сайлау 2016 жылғы парламенттік сайлау нәтижесінде парламенттің төменгі палатасындағы (*Мәжіліс*) 98 тікелей сайланған мандаттың 84-не ие биліктегі Нұр Отан партиясы үстемдік еткен ортасында өтті. Қосымша тоғыз мандат жанама түрде президент тағайындайтын консультативтік орган – Қазақстан халқы ассамблеясымен сайланады.⁸ Әйелдер Мәжілісте 27 пайыз мандатқа ие болса, 18 министрлік мандаттың екеуіне ие.⁹ Сайлауды жариялағаннан кейін, ірі қалаларда саяси тұтқындарды босатуға және сайлауға бойкот жариялауға шақырған бірнеше бейбіт наразылықтар орын алды. Биліктегілер бұл жиналыстарды ұйымдастыруға рұқсат алынбағандықтан заңсыз деп танып, ондаған адамдарды қамауға алды.¹⁰ Соңғы жылдары кейбір оппозиция партиялары қатаң шектеулер қоятын заңнама үшін немесе қылмыстық қудалау үшін не жойылып кетті, не шеттетілді.¹¹ Тіркелген жеті саяси партия бар, алайда жаңа партиялардың тіркелу мүмкіндіктері елеулі түрде Саяси партиялар туралы заңда

⁴ Конституцияда бекітілгендей, Сенат Төрағасы президент міндетін қалған мерзімнің соңына дейін атқарады. Алдыңғы президент Н.Назарбаевтың лауазымдық мерзімі заң бойынша 2020 жылдың соңында аяқталуға тиіс еді. Н.Назарбаевтың қызы Дариға Назарбаева жаңа Сенат Төрағасы лауазымына тағайындалды.

⁵ Қауіпсіздік Кеңесіне жоғары мемлекеттік лауазымды тұлғалар кіреді; ол сыртқы, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саясатын жүргізеді, сонымен қатар ол саясаттардың мемлекеттік органдармен жүзеге асырылуын бақылап, құқықтық актілерді бағалап, президентке кеңесшілік етеді. Тұңғыш Президент өмірінің соңына дейін заң бойынша үкімет пен басқа да мемлекеттік лауазымды тұлғаларға бастамаларын көтеріп, ел саясатын басқаруды үйлестіру құқығы сияқты елеулі өкілеттікке ие.

⁶ [Президенттің 9 сәуірдегі халыққа жолдауын](#) қараңыз.

⁷ Алдыңғы президент Н.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген 2017 жылғы конституциялық реформа парламенттің рөлін күшейтіп, тежемелер мен теңестірмелер жүйесін нығайтуға бағытталғанымен, биліктің елеулі бөлігі басшылықтың қолында қала берді.

⁸ Парламентте өзге екі партия ұсынылған «Ақ Жол» және «Қазақстан коммунистік халық партиясы» (ҚКХП), әр қайсысында жеті мандаттан.

⁹ Қосымша [2014 жылғы БҰҰ ӘҚЖК-ның Қазақстанның үшінші және төртінші кезекті есебіне берілген біріктірілген қорытынды мәлімдемесін](#) қараңыз.

¹⁰ 21 сәуірде #әділсайлау үшін және #мендетандаубар атты хэштегтермен «Шындықтан қашып құтыла алмайсың» атты жазуы бар баннерлерді Алматы қаласында өткен марафон кезінде іліп қойғандары үшін екі белсенді 15 күндік әкімшілік жазаға тартылып, қамауға алынды. 29 сәуір күні «биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық» деген Конституцияда берілген дәйексөзді баннерге жазып ілгені үшін бір азамат бес күнге қамауға алынды. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлестігі күні және 9 мамыр – Жеңіс күні Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Шымкент және Орал қалаларында наразылықтар өтті. 6 мамыр күні Орал қаласының қоғамдық алаңында ешқандай жазуы жазылмаған плакат ұстап тұрған азамат ұсталып, тергеуге алынды.

¹¹ 2019 жылдың 31 мамыр күні «Біздің Құқықтарымыз» атты партияның бастамашылары 2019 жылдың наурыз айында құрылтай съезін өткізуге кедергі жасалғанын сот жүзінде қарастырды. 2018 жылдың наурыз айында сот үкімімен «Қазақстанның демократиялық таңдауы» атты саяси қозғалыс экстремистік ұйым деп танылып, әрекеттеріне тыйым салынды. 2015 жылы Алматы экономикалық соты мүшелер тізімінде қателіктер бар деген негізбен «Қазақстан коммунистік партиясының» жұмысын тоқтатты. 2012 жылы «Алға!» атты тіркелмеген саяси партияның басшысы қамауға алынғаннан кейін, сот үкімімен партия экстремистік деп танылып, әрекеттеріне тыйым салынды.

бекітілген мүшелікке қатысты талаптармен шектелген.¹² Бірқатар халықаралық ұйымдар саяси өмірге қатысу жөнінде алаңдаушылықтарын танытты.¹³ Сайлау алдындағы жиналыс бостандығына қойылған шектеулер және сүрелі саяси күштердің бір партия қолында шоғырлануы 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатымен міндеттелген шынайы саяси плюрализмнің дамуына нұқсан келтіреді.¹⁴

Сайлау алды саяси плюрализмді жетілдіру және саяси партиялардың тіркелуіне ыңғай тудыру үшін саяси партияларды тіркеу үшін мүшелік талаптар Саяси партиялар туралы заңда қайта қарастырылуы тиіс.

IV. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Президент бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінде абсолютті көпшілікпен бесжылдық мерзімге сайланады. Кандидаттардың ешқайсысы дауыстың 50 пайызынан артық жинай алмаған жағдайда, неғұрлым дауыс санын көп жинаған екі үміткердің арасында екі айдың ішінде ОСК белгілеген күні екінші тур өтеді.¹⁵ Онда ең көп дауыс жинаған кандидат сайланады. Кезектен тыс сайлауды жариялау құқығы конституция бойынша тек президентке ғана берілген, және бұл қазіргі президент сайлауға қатысатын жағдайда, оған басқа кандидаттар алдында тең емес артықшылықтар береді.

Қазақстан демократиялық сайлауларды өткізу бойынша ірі халықаралық және аймақтық ұйымдарға мүшелік етеді.¹⁶ Президенттік сайлауға қатысты құқықтық базаға Конституция және Сайлау туралы конституциялық заң (Сайлау туралы заң) кіреді.¹⁷ ОСК құқықтық нормалардың егжей-тегжейлерінің қамтамасыз етілуін реттейді. 2017 жылғы конституцияға енгізілген өзгерістер өзін-өзі ұсыну құқығын жойып, президенттік кандидаттарға қосымша

¹² Тіркеуден өту үшін партия елдегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың үштен екісінің атынан 1000 мүшенің қатысуымен құрылтай съезін өткізуі тиіс. Сонымен қатар партия құрамында барлық 14 облысты және республикалық маңызы бар үш Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының өкілдері ретінде кем дегенде қырық мың тіркелген мүшесі болуы тиіс. Соңғы «Бірлік» партиясы алдыңғы екі тіркелген партияның 2013 жылы бірігуінің нәтижесінде тіркелді. 2006 жылдан бері басқа ешқандай партия тіркеуден өткен жоқ.

¹³ БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті (АСКК) өзінің Қазақстанның екінші кезекті есебіне берілген қорытынды мәлімдемесінің (9 тамыз 2016), 54а тарауында Қазақстанды «...Қоғамдық бірігулерді, олардың ішінде саяси партияларды олардың заңды әрекеттері үшін қылмыстық қудалауды қылмыстық заң ережелерімен кеңінен анықталғандай және құқықтық анықтылық қағидатына қайшы болғандықтан тоқтатып... саяси партиялардың таратуына немесе тоқтатылуына кең негіздерді айқындауға» шақырды.

¹⁴ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 3 тармағында қатысушы мемлекеттер «саяси ұйымдарға қатысты плюрализмнің маңыздылығын мойындайды». Қосымша 2010 жылғы [ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Венеция комиссиясының саяси партияларды реттеу жайындағы ұсыныстарының \(CDL-AD\(2010\)024\)](#) 76 тармағын қараңыз.

¹⁵ Сайлауға дейін ОСК ДИАҚБ СБМ-ға керек болған жағдай екінші турдың күнін тек 9 маусым күнгі сайлаудың нәтижелерінен кейін белгілейтінін хабарлады.

¹⁶ Олардың қатарында 1966 жылғы Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт ([ХАСКП](#)), 1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенция ([ӘККЖК](#)), 1965 жылғы Халықаралық нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою жөніндегі конвенция, 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция, 2006 жылғы Мүгедек адамдардың құқықтары жөніндегі конвенция ([МАКК](#)), 2002 жылғы Демократиялық сайлау стандарттары жөніндегі конвенция, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының мүше елдеріндегі сайлау құқықтары мен бостандықтары ([ТМД конвенциясы](#)). Сонымен қатар Қазақстан Еуропа Кеңесінің заң арқылы демократия комиссиясының (Венеция комиссиясы) мүшесі.

¹⁷ Өзге қатысты заңдарға Президент туралы конституциялық заң, Тұңғыш Президент -Елбасы туралы конституциялық заң, Мемлекеттік қызмет туралы заң, Қоғамдық бірлестіктер туралы заң, Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, ереуілдерді ұйымдастыру мен өткізу тәртіптері туралы заң (Бейбіт жиналыстар туралы заң), қылмыстық кодексе, әкімшілік бұзушылықтар кодексі және азаматтық іс жүргізу кодексі жатады.

талаптарды енгізу арқылы кандидаттылыққа ұсынуға заңды түрде одан ары шектеулер қойды. Бұл 2017 және 2018 жылдардағы Сайлау туралы заңдағы кандидаттылыққа құзыреттілікке қосымша шектеулер енгізу және сайлаушыларды тіркеу тәртібі мен сайлау үрдісін басқару құрылысына өзгерістер енгізумен толықтырылды (*Сайлау үрдісін басқару, сайлаушыларды тіркеу және кандидаттарды тіркеуді қараңыз*).

Соңғы өзгерістерге қарамастан, ДИАҚБ алдыңғы басым ұсыныстарының көбі, әсіресе негізгі адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты, кандидаттар құқықтары және тіркелуі, сондай-ақ БАҚ жағдайына қатысты ұсыныстар елеусіз қалды. Конституциямен кепілдендірілген жиналыс бостандығы, ой еркіндігі, бірлестіктер бостандығы, ақпаратқа қолжетімділік және саяси өмірге қатысу құқығы сияқты негізгі бостандықтар, әсіресе қоғамдық жиналыстарға, диффамацияға, әлеуметтік, ұлттық және діни араздықты қоздыруға, бұрыс ақпаратты таратуға және басқа да әкімшілік шектеулерге қатысты қылмыстық кодекспен қатаң шектеледі.¹⁸ Сонымен қатар шетелдік қаржыландыруға қойылған шектеулер мен экстремизмге қатысты заңдардың негізсіз қолданылуы азаматтық қоғамға берілген кеңістікті қылмыстық санкциялар арқылы аса шектеп қана қоймай, көптеген азаматтық құқықтарға нақты заңды шешім қабылдаусыз автоматты түрде шектеу қояды.¹⁹ Құқықтық базадағы және оны іске асырудағы аталмыш елеулі кемшіліктер сайлау үрдісін жүргізуге кедергі жасап, құқықтық базаны ЕҚЫҰ және өзге де халықаралық міндеттемелеріне сәйкестендіру қажеттілігін айқындайды.²⁰

Конституциямен кепілдендірілген негізгі құқықтар мен бостандықтарға заңнамада қойылған шектеулер алынып тасталуы қажет. Заңдағы аталмыш шектеулердің аса кең анықталуы құқықтық айқындықты қамтамасыз етіп, заңның негізсіз қолдануын болдырмау үшін азайтуы қажет. Құқықтардың кез келген шектелуі сот үдерісінің нәтижесінде және көздеген мақсатына үйлесімді болуы тиіс.

Сайлау туралы заң сайлауды өткізудің техникалық негізін қамтамасыз еткенімен, сайлау күнгі дауыстарды санау және жинақтау тәртіптерінің тұтастығының кепілдігін жөнді түрде қорғай алмайды. Аталмыш сайлауға ОСК сайлауға қатысты бірінші айналым үшін шаралардың жедел жағдайда қарастыратын кестені қабылдап, мүгедек адамдардың дауыс беруіне, БАҚ мәселелеріне және азаматтардың жеке бас қолдарының тексерісіне қатысты бірқатар қарарларды қабылдады. Дегенмен ОСК ережелері заңда толығымен ашылмаған сайлаушылар мен кандидаттардың тіркелуіне, сайлау алды науқан қаражатына және сайлау күнгі тәртіптерге қатысты мәселелерді толығымен қарастырмағандықтан, нәтижесінде сайлау комиссиялар тәртіптерді тиянақсыз орындауына әкеліп соқты. Жалпы заңнама анық емес әрі тиянақсыз болып табылады және құқықтық анықтылық пен сайлау үрдісіне қоғамдық сенімге күмәнін келтіреді.²¹

Барлық мүдделі жақтардың қатысуымен ашық ақыл-кеңес барысында атап өтілген кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді ескеріп, қадағалау үшін сайлауға қатысты құқықтық базаның жан-жақты қарастырылуы өтуге тиіс. ОСК ережелері төменгі деңгейдегі

¹⁸ Қосымша 2016 жылғы БҰҰ АСҚК-ның [Қазақстанның екінші кезекті есебіне берілген қорытынды мәлімдемелерінің](#) 51-55 тармақтарын және [Төреғожина Қазақстанға қарсы](#), 7-9 тармақтарын қараңыз.

¹⁹ Заңда берілген экстремизм анықтамасы тым кең болып табылғандықтан, ол 2016 жылғы БҰҰ АСҚК-ның [Қазақстанның екінші кезекті есебіне берілген қорытынды мәлімдемесінде](#) сыналған, 13-14 тармақтары.

²⁰ [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 4 тармағы қатысушы мемлекеттерді «олардың заңдары, құқықтық ережелері, іс-тәжірибелері және саясаттары халықаралық заңға сай болуын және ЕҚЫҰ міндеттемелерінің қағидаттарының декларациясына сәйкес болуын» міндеттейді. ХАСҚП-ның 1996 жылғы БҰҰ АСҚК №25 жалпы түсініктемесінде «ой еркіндігі, жиналыс және бірлестіктер бостандықтары дауыс беру құқығының тиімді жүзеге асырылуына қажетті шарт» деп көрсетілген.

²¹ Екі мәнділік, тиянақсыздықтар және түсірілулер сайлау алды науқанға және науқан қаражатына, сайлаудан кейінгі дауларды шешуге, сайлау комиссияларының тағайындалуына, сайлаушылардың тіркелуіне, сырттай дауыс беруге және сайлаудың бөлшектелген алдын ала және қорытынды нәтижелерін жариялауға қатысты талаптардың болмауына қатысты болып табылады.

комиссиялар тәртіптерді тиянақты түрде өтуін қамтамасыз ету үшін құқықтық базаны жеткілікті түрде толықтыруы тиіс.

V. САЙЛАУ ӘКІМШІЛІГІ

Сайлау әкімшілігі тұрақты және ОСК-дан, 232 Территориялық сайлау комиссияларынан (ТСК) және 9968 учаскелік сайлау комиссияларынан (УСК) тұратын үш сатыдан құралған.²² Әйелдер сайлау әкімшілігінің әр деңгейінде жеткілікті орын алады, олардың ішінде үш ОСК мүшесі және барлық төменгі деңгейлі комиссиялардың 67 пайызы. Сайлау күні әйелдер УСК-да жеткілікті көрініп, 63 пайызында төрағалық етті.

ОСК мен ТСК-лар бес жыл мерзіміне құрылып, жеті мүшеден тұрады. ОСК-ның төрағасы мен екі мүшесі президентпен тағайындалып, Сенат пен Мәжіліс әр қайсысы екі мүшеден тағайындайды.²³ 2018 жылғы Сайлау туралы заңға енгізілген өзгертулерден кейін УСК өздеріне қарасты сайлаушылар санына байланысты бестен он бір мүшеден тұруы қажет.²⁴ Сондай-ақ оң қадам ретінде және кейбір УСК мүшелері сайлаудан тыс өзге тұлғаларға иерархиялық позициясына байланысты тәуелді болуының қатерін азайту үшін, УСК мен ТСК мүшелерінің жартысынан кемі бір мекемеден болуы тиіс.

2019 жылдың қаңтар айында мәслихаттармен тіркелген саяси партиялардың ұсыныстарының негізінде, әр комиссияға ең көп дегенде бір өкілден тұратын төменгі деңгейлі комиссиялардың жаңа құрамы тағайындалды. Комиссияларда өкілдігі жоқ партиялар дауыс бере алмайтын өкілдерін тағайындай алды; алайда бұл іс жүзінде орын алған жоқ. Ұсыныстардың саны жеткіліксіз болған жағдайда қоғамдық бірлестіктердің өтініштері қарастырылып, және әлі де жеткіліксіз болса, өтініштер жоғарғы комиссиялардан қабылданды.²⁵ Дегенмен, заң бойынша Мәслихаттар ұсынылып отырған мекемелердің ұсыныстарымен шектелмейді, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер өздерінің мүшесі болып табылмайтын комиссия мүшелерін ұсына алады, ал бұл іс жүзінде ТСК мен УСК-ларының құрамындағы саяси теңсіздікті тудырды. ОСК мәліметіне сай тіркелген жеті партияның бесеуі ресми түрде тең өкілеттілікке ие болған.²⁶ Алайда ДИАҚБ СБМ барған комиссиялардың көбінде шынында Нұр Отан партиясының бір мүшеден артық өкілі болған.²⁷ Сонымен қатар ұқсас жайт УСК басшылығында да байқалған. Оған қоса ДИАҚБ СБМ кездескен кей комиссия мүшелері өздерін кім ұсынғанын, не қай партияғы жататынын білген жоқ.

Жалпы ұсыну барысы бәріне ашық әрі транспарентті өткен жоқ. Бірқатар тәуелсіз бақылаушылар мен адам құқықтары белсенділері сияқты азаматтық қоғам өкілдері сайлау

²² ТСК тек төраға мен хатшы ғана штатта жұмыс істейді. УСК тек сайлау кезінде ғана жұмыс істейді.

²³ Қазіргі ОСК мүшелері 2016 жылдың 13 қыркүйегі мен 2018 жылдың 5 қыркүйегі аралығында тағайындалды.

²⁴ 1000 сайлаушыға дейін – бес мүше; 1001 – 2000 сайлаушыға – жеті мүше; 2001-2500 сайлаушыға – тоғыз мүше; 2501-3000 сайлаушыға – он бір мүше. Оған дейін барлық комиссиялардың мүшелер саны жетіден болған.

²⁵ ОСК-на сай, мүшелердің 68.7 пайызы түрлі партиялармен, 29.9 пайызы қоғамдық бірлестіктермен және 1.4 пайызы жоғарғы комиссиялармен ұсынылды. 40 пайызы жаңа мүшелер болып табылады.

²⁶ Нұр Отан 21.3 пайыз, ҚКХП 20.3 пайыз, Ауыл 20 пайыз, Ақ Жол 19.4 пайыз, Бірлік 18.9 пайыз ұсынды. Азат бір де бір мүше ұсынбаса, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия мүшелерін тек 5 ТСК мен 68 УСК (0.2 пайыз) ұсынып, олардың барлығы сайланды.

²⁷ Мысалы, ресми ақпарат бойынша [Аршалы](#), [Бесқарағай](#) және [Зеренді](#) ТСК-да барлық мүшелер Нұр Отан партиясына кіреді. ДИАҚБ СБМ Қызылорда қаласындағы тоғыз ТСК-ның төртінде мүшелерінің жартысынан көбі Нұр Отан партиясының мүшелері болып табылады. Маңғыстау ТСК-да жеті мүшенің алтауы Нұр Отан мүшелері. Шымкент ТСК-ларының кем дегенде бірінде 3 мүшелері Нұр Отан партиясына қатысты. Басқа да жағдайларда белгілі бір комиссияның бірнеше мүшесі өздерін ДИАҚБ СБМ-на Нұр Отан партиясының мүшесі екенін мойындаған.

әкімшілігінің дербестігі мен бейтараптығына қатысты күмәндарын білдірді. Сайлау әкімшілігінде бір партияның өкілдерінің тым көп болуы комиссия мүшелерінің тағайындалу механизміне және оның салдары ретінде олардың бейтараптығы халықаралық стандарттарды сақтауына қатысты күмәндарды тудырады.²⁸

Сайлау әкімшілігінің дербестігі мен бейтараптығын күшейту үшін Сайлау туралы заңға барлық деңгейлердегі сайлау комиссияларында саяси партиялардың кедергісіз және кеңінен қатысуын қамтамасыз ететіндей болып өзгерістер енгізілуі тиіс. Сайлау комиссиясында әр партиядан бір ғана мүше болу қағидаты сақталып, УСК мен ТСК-дегі басқарушы орындардың бөлінуі қайта қарастырылуы қажет.

Сайлауға дайындық тиімді және заңды мерзім ішінде ұйымдастырылды. ОСК жүйелі түрде ашық отырыстар өткізіп, оларға бақылаушылар, БАҚ ен партия өкілдері қатысты, және ОСК қаулыларының басым бөлігі оның сайтында уақытылы түрде жарық көріп отырды. Қаулылар бірауыздан шектеулі талқылаумен қабылданып отырды. ОСК өзекті мәселелер бойынша қоғамға жабық дайындық жиналыстарын өткізіп отырды. ОСК-мен қоса алғанда комиссиялардың көбі ДИАҚБ СБМ-на ашық әрі ақпаратпен қамтамасыз етуге даяр болғанымен, БАҚ қойған отырыстың нақты тәртібіне тікелей қатысы болмаған мәселелер жайлы сұрақтары жауап кей жағдайларда елеусіз қалып отырды.

ОСК халықаралық бақылаушыларды жылы қарсы алды. Дегенмен, ТСК мен УСК-дағы партиялар бойынша өкілдіктердің көрсетілуі, әр учаскедегі сайлаушылар саны, әр учаске бойынша сайлау нәтижелері, мекенжай анықтамаларының саны, сайлау күні тізімге енгізілген сайлаушылар саны және ТСК мен УСК деңгейлерінде қайта санауды жүргізу саны сияқты сайлауға қатысты маңызды мағлұматты ОСК заңды түрде жариялауға міндетті болмағандықтан, сайлау үрдісінің айқындығы шектеулі болды.

Транспаренттілік пен есеп беруге міндеттілікті нығайту үшін ОСК онлайн және қолайлы форматта сайлауға қатысты барлық ақпаратты топтастырылған және түйіндеме түрінде жариялауы қажет.

Төменгі деңгейлі сайлау комиссиялары өздерінің жұмыстарын тиімді атқарды; бірақ отырыстар көптеген жағдайда кездейсоқ негізде мүдделі жақтарды алдын ала хабарлаусыз өтіп, айқындыққа нұқсанын тигізді. Сайлау туралы заң ТСК-н өз шешімдерін жария етуге міндеттегенімен, ДИАҚБ СБМ-ның байқауынша көптеген жағдайда олар жарияланған жоқ.²⁹ Ел бойынша жаңа комиссия мүшелеріне сайлау күнгі тәртіптер бойынша ақпаратқа толы және жүйелі бағдарламалары өткізілді, бірақ тәжірибелік сабақтары аз болғандықтан УСК-мен дауыстарды санау кезінде және нәтижелердің хаттамаларын толтырудағы тәртіптердің тиянақсыз орындалуына әкеліп соқты (*Сайлау күні қараңыз*).

ОСК кешенді веб-сайт құрып, сайлаушыларды оқытудың телесюжеттер мен бейнебаяндардан тұратын негізінен дауыс беру тәртіптері мен алғаш рет сайлауға қатысушыларға бағытталған қазақ және орыс тілдерінде эфирде жүйелі түрде көрсетілген ауқымды бағдарламасын дайындады. Трафареттер мен Брайль әріптері көру қабілеті нашар адамдарға ұсынылды. Дауыс берушілер өздерінің тіркеу мағлұматтарын және сайлау учаскелерінің мекенжайларын интернеттен біле алды.

²⁸ ХАСҚП-ның 1996 жылғы БҰҰ АСҚК №25 жалпы түсініктемесінің 20 тармағы «сайлау барысын басқару және сайлау әділ, бейтарап түрде және Пактіге сәйкес бекітілген заңдарға сай болуын қадағалау үшін дербес сайлау басшылығы құрылуы тиіс» деп міндеттейді.

²⁹ 24 ТСК-да ДИАҚБ СБМ-на шешімдер мен отырыс түйіндемелері тек өтініш арқылы қолжетімді екені хабарланды.

Көптеген УСК ДИАҚБ СБМ-на сайлаушыларға сайлау күні жайлы ақпаратты жеткізу үшін үйлерді аралағандарын, және кейбіреулері сайлаушылар сайлауға қатысу-қатыспайтыны жайлы сұрап жазып алғандарын, және бұл әрекеттер кей сайлаушылармен қысым ретінде қабылданғанын хабарлады.³⁰

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сот үкімімен қабілетсіз деп танылған немесе бас бостандығынан айырылған азаматтардан басқа 18 жасқа толған барлық азаматтар дауыс беруге құқылы. Аталмыш бас бостандығынан айырылған және психикалық ауытқушылықтары бар азаматтардың сайлау құқығына қойылған жалпы шектеулер ЕҚЫҰ және халықаралық міндеттемелерге қайшы болып келеді.³¹

Бас бостандығынан айырылған азаматтарды жалпы сайлау құқықтарынан айыруға қойылған шектеулер мен жасалған қылмыстың ауырлық деңгейіне үйлесімді болатындай қайта қарастырылуы қажет. Жалпыға бірдей сайлау құқығын қамтамасыз ету үшін мүгедектігі бар адамдарды сайлау құқығынан айыру ережелері жойылуы қажет.

Сайлаушыларды тіркеу пассивті болып табылып, дауыс берушілер сайлаушылар тізіміне тұрақты мекенжайларының негізінде кіреді. Заңдағы соңғы өзгерістерге сай жергілікті басқарушы органдар (әкімдіктер) сайлаушылар тізімін құрудағы оң қадам ретінде сайлаушылар тізімін мемлекеттік азаматтық тіркеу деректеріне негізделіп жасайды.³² Әкімдіктер өздеріне қарасты ТСК-ға сайлаушылар тізімін жылына екі рет өткізіп отырады. ТСК заң бойынша жеке біріккен электронды сайлаушылар тізімі бар ОСК-мен тізімді салыстырып қарауға тиісті болғанына қарамастан, іс жүзінде мұндай тексеру ОСК-мен жүргізіледі.³³ Қандай да бір сәйкессіздіктер немесе қайталаулар табылған жағдайда, олар әкімдіктердің қарастырылуына жіберіледі.³⁴

Заңға сай 20 мамыр күні сайлаушылар тізімінен үзінділер әкімдіктермен тиесілі ТСК-ге жіберіліп, 25 мамырдан бастап қоғамдық тексеруге әдетте тек өтініш арқылы ашық болды. Елеусіз өзгерістер ТСК-ге өткізілгенімен, ОСК-ға бойынша, бұл өзгерістер оларды енгізуге еш

³⁰ Қарағанды, Павлодар және Петропавлда. ХАСҚП-ның 1996 жылғы БҰҰ АСҚК №25 жалпы түсініктемесінің 19 тармағында «...мұнда сайлаушының еркіне кедергі келтіруі мүмкін кез келген зорлық зомбылықсыз немесе мәжбүрлеусіз дауыс беруге құқылы адамдар кез келген кандидатқа дауыс бере алады, сонымен қатар референдум немесе плебисцитке қатысты кез келген ұсыныстарға қарсы бола алады немесе қолдай алады, үкіметке қарсы немесе қолдаушы бола алады. Сайлаушылар пікірлерін дербес, зорлық пен күш көрсету немесе мәжбүрлеусіз, сонымен қатар оған әсер ететін амалдарсыз жеткізуге құқылы» делінген.

³¹ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 24 тармағында дауыс беру құқығы мен еркіндігіне қойылған шектеулер «заңның мақсатына қатаң түрде үйлесімді болуы тиіс» деп көрсетілген. ХАСҚП-ның 25 бабына берілген 1996 жылғы БҰҰ АСҚК №25 жалпы түсініктемесінің 20 тармағында дауыс беру дауысының шектелуі «әділ және негізді» түрде болуы тиіс делінген. Қосымша [2006 жылғы БҰҰ Мүгедек адамдардың құқықтары конвенциясының \(МАҚК\) 1, 12 және 29 баптарын](#) қараңыз. [2013 жылғы МАҚК Комитетінің №4/2011 хабарламасының](#) 9.4 тармағында «көрінген немесе шынайы психоәлеуметтік немесе зияткерлік қабілетсіздік негізінде дауыс беру құқығынан айыру, сондай-ақ жеке баға беру негізінде шектеу мүгедектік негізіндегі кемсітушілік болып табылады» деп анықталған.

³² 2018 жылғы Сайлау туралы заңға енгізілген өзгерістерге дейін әкімдіктер сайлаушылар тізімін әр түрлі мекемелерден тікелей алынған деректер негізінде және үйлерді аралау арқылы жасаған.

³³ ОСК ТСК-дан алған деректер мен ОСК деректері бір дереккөзден алынған (мемлекеттік азаматтар тіркеуі).

³⁴ Заң бойынша әкімдіктер сайлаушылар тізімінің құрылуы мен дәлдігіне жауапты.

құқықтық механизмдердің жоқтығынан, мемлекеттік азаматтарды тіркеу тізімінде орын алмайды. Мамырдың 20 күні ОСК 11 947 955 сайлаушы болғанын мәлімдеді.³⁵

Сайлаушылардың тізімін құрастыру жүйесі сайлаушыларды тұрақты электронды тіркеу бір мекемемен орындалып қадағалануы арқылы одан ары жетілдіріле алады. Тізімдерді құрып өзгертудегі толық және біркелкі тәртіптер болып жүйелі түрде қолданылып тұруы қажет.

Өздерінің тұрғылықты мекенжайларынан тыс учаскеде дауыс бергілері келген сайлаушылар сайлауға 30 күнге дейін тіркелулерінің уақытша өзгертуін немесе өздерінің тіркелген мекенжайларынан тыс кез келген учаскеден дауыс беруге құқық беретін есептен шығару куәлігіне (ЕШК) тапсырыс беретін мүмкіндіктері болды.³⁶ Жаңа өзгешелік ретінде ЕШК берілуін бақылау мақсатымен ОСК ТСК-ден берілген ЕШК-дің әр УСК бойынша бөлініп көрсетілгенін мағлұматты жинады. ЕШК қолданысы бойынша ЕШК сұратқан кезде ешқандай негіз сұратылмайтындықтан және ЕШК-дің сайлаудан кейінгі еш есебі болмағандықтан алаңдаушылықтар қала береді.

Маусымның төрті мен сегізі аралығында сайлаушылардың кейбір категориясы арнайы сайлау учаскелерінде дауыс беруге тіркеле алды, бірақ ОСК ондай сайлаушылар өзгерістерді енгізуге арнайы құқықтық ережелер мен уақыттың болмауы себебінен қосымша өздерінің тұрақты мекенжайларына тиесілі сайлаушылар тізімінде қалуын талап етті. Сайлаушылар тізіміне тіркелмеген, бірақ тиісті сайлау учаскесіне тиесілі мекенжайларын растай алған дауыс берушілер қосымша сайлаушылар тізіміне учаскелердің жабылуына дейін сайлау күні ене алды. Сайлау күні сайлаушылар тізіміне ену бірнеше тіркелуге әкеле алатындықтан халықаралық тиесілі тәжірибеге сай келмейді.³⁷ Жалпы жетілдірілген сайлаушылар тізімінің салыстырмалы тексерулері және мемлекеттік азаматтық тіркеумен жақсартылған электронды біріктіру барысы сайлаушылар тізімінің дәлдігін жақсартып, ДИАҚБ алдыңғы берілген басым ұсынысына жартылай орындалуы болып табылады. Дегенмен қайта тіркелу мен ЕШК-нің бұрыс қолдану мүмкіндігі әлі де алаңдаушылықтар туғызады.

Сайлаушыларды тіркеу тазалығын сақтау үшін сайлау учаскелерінде сайлау күні сайлаушыларды тіркеуге рұқсат берілмеуі қажет. Бірнеше дауыс беруге жол бермеу үшін арнайы сайлау учаскелерінде тіркелген сайлаушылар өздерінің тұрғылықты мекенжайларына тиесілі учаскелердегі тізімдерден шығарылып, ЕШК беру негізделген болып, сайлаудан кейін есепке жату керек.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Кандидаттар саяси партиялармен немесе тіркелген қоғамдық бірлестіктермен ұсыныла алады. ЕҚЫҰ міндеттемелері мен ТМД Конвенциясына қайшы 2017 жылғы конституциялық өзгерістер кандидаттардың өзін-өзі ұсыну құқығын жойды.³⁸ Сонымен қатар дауыс беруге құқылы болуынан басқа, кандидаттар туғанынан Қазақстан азаматы болып, кем дегенде 40

³⁵ Сайлаудан кейін 10 маусым күні ОСК тіркелген сайлаушылардың ақтық тізімінде 11 960 364 адам болғанын, және өзгешеліктер сайлауға дейін және сайлау күнгі сайлаушылар тізіміне жасалған өзгерістер үшін болғандығын мәлімдеді.

³⁶ ЕШК-не 24 мамыр мен 8 маусым аралығында тапсырыс беріле алды. ЕШК берілген кезде, оның сериялық нөмірі тізімінің ЕШК сұратқан сайлаушылар бағанына енгізіледі. ОСК сай 8 маусымға дейін 35 951 ЕШК беріліп, 22 502 сайлаушы оларды сайлау күні қолданды.

³⁷ Венеция комиссиясының Сайлау мәселелеріне қатысты тиісті тәжірибелердің кодексінің 1.2.iv бөлімінде «сайлау учаскелеріне сайлаушыларды сайлау күні тіркеуге рұқсат берілмеуі тиіс» делінген.

³⁸ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.5 тармағында қатысушы мемлекеттер «азаматтардың саяси немесе мемлекеттік лауазымға жеке тұлға ретінде немесе саяси партиялар я ұйымдардың атынан еш кемсітушіліксіз ұмтылу құқығын құрметтеуге» міндеттейді.

жасқа толған, қазақ тілін жетік меңгерген, жоғарғы білімі бар және соңғы он бес жыл бойы Қазақстанда ресми мекенжайы болған азамат болуы тиіс.³⁹ Заң қылмыстық жазасын өтеуші (шартты түрде өтеуді қоса алғанда) және оған дейінгі қылмыстық әрекеттері үшін немесе сыбайлас жемқорлық сияқты әкімшілік жазаға тартылған азаматтарды кандидаттылыққа ұсынылу құқығынан айырады. 2017 жылғы Сайлау туралы заңға енгізілген өзгерістер қосымша кандидаттардың мемлекеттік қызметте немесе үкіметте бес жылғы тәжірибесі болуын және медициналық тексеріледен өтуін талап етеді.

Аталмыш құқықтық талаптардың ауқымды әрі шектеуші сипаты негізінен үміткер бола алатын азаматтардың үлкен бөлігіне ұсынылу мүмкіндігін шектейді. Атап айтқанда, мемлекет аумағында тұруына, қазіргі немесе алдыңғы жұмыс орнына, біліміне, тіл білуіне және қылмыстық жаза бойынша ауқымды шектеулер ЕҚЫҰ талаптары және өзге де халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға қайшы.⁴⁰

Ел аумағында тұру, тілі және кәсіби тәжірибесі сияқты сайлауға ұсынылу талаптары және қылмыстық жазасы барлардың сайлауға ұсынылуға құқығының шектелуі қылмыстың ауырлығына үйлесімді екенін қамтамасыз ететіндей қайта қарастыру орын алу қажет.

Дербес үміткерлер президенттік сайлауға ұсынылуға құқылы болулары қажет.

Тоғыз кандидат – төртеуі саяси партиялардан, бесеуі бірлестіктерден – ұсынылды.⁴¹ ОСК әлеуетті кандидаттардың сәйкестігін растау кезеңі 28 сәуірде басталып, оның ішіне кандидаттардың қазақ тілін жетік білуін тексеру емтихандары 30 сәуірге дейін жүргізілді.⁴² ОСК 2005 жылғы қаулысына сәйкес, тіл емтиханы шығарма жазу, мәнерлеп оқу және 15 минут бойы шаршы сөз сөйлеуден тұрды. Алайда, емтиханды бағалау критерийлері анық бекітілмей, кандидаттардың емтиханға дайындық қабілетін шектеп, жүйесіз бағалауға жол ашты.⁴³ Бір ұсынылған кандидат емтиханнан өте алмай, енді біреуі өзін ұсынған бірлестікпен кандидаттылықтан алынып тасталды.⁴⁴

Қалған жеті кандидат мамырдың бірі және үші аралығында тең деңгейде барлық облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының үштен екі бөлігін білдіретін тіркелген сайлаушылардың кем дегенде бір пайызынан (аталмыш сайлау үшін 118 140) екі күн ішінде қол жинауға тиіс болды. ТСК бес күн ішінде қолдардың шынайылығын тексеріп, нәтижелерді

³⁹ 2011 жылдан 2013 жыл аралығында Женевада БҰҰ бөлімшесінің бас директоры болып қызмет еткен Қ.Тоқаев ұсынылғанда, Конституциялық сот елшілік қызметімен шетелде тұру Қазақстандағы ресми тұру уақытын тоқтатпайды деп қабылдады.

⁴⁰ ХАСҚП-ның 25 және 2 баптарында сайлауға түсу құқығы қандай-да бір кемсітушіліктен бос болып жүзеге асырылуы тиіс деп көрсетілген. ХАСҚП-ның 25 бабына берілген 1996 жылғы БҰҰ АСҚК №25 жалпы түсініктемесінің 15 тармағында «сайлауға түсуге құзыретті тұлғалар білімі, тұрған жері немесе шығу тегі немесе саяси қатыстығы сияқты негізсіз немесе кемсітушілік талаптардың себебінен сайлауға қатысудан шеттетілмеуі тиіс» деп көрсетілген. 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.3 және 24 тармақтары тең әрі жалпыға бірдей сайлау құқығына кепілдік береді, және кез келген шектеулер заң мақсатына үйлесімді болуын талап етеді. 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 2 бабы «азаматтың сайлау немесе мемлекеттік билік органына сайлану құқығы ... жынысы, тілі, діні немесе сеніміне, саяси немесе басқа пікірлерінен, ұлттық я әлеуметтік шығу тегінен, азшылық ұлтқа немесе этностық топқа жатуынан, мүлік жағдайынан тәуелсіз және оларға байланысты еш кемсітушілік шектеусіз жүзеге асырылуы тиіс» деп талап етеді.

⁴¹ ОСК 13 өзін-өзі ұсынушыларды заңды талаптарға сәйкес келмегендіктен қабылдаған жоқ.

⁴² Заң бойынша қызметтегі президент тіл емтиханынан босатылады. Дегенмен, Қ.Тоқаев емтиханды өтті.

⁴³ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжаты қатысушы мемлекеттерден «саяси партиялар мен ұйымдарды бір-бірімен заң алдында және билік алдында тең жағдайда сайысқа түсуге қажетті заңды кепілдіктермен» қамтамасыз етулерін талап етеді.

⁴⁴ Тіл емтиханынан өте алмаған үміткер Ж.Алиев Жоғарғы сотқа 6 мамыр күні шағымын өткізіп, ол шағымы сотпен қайтарылды. Тіл комиссиясы ДИАҚБ СБМ-ға қабылданбаған үміткер 13 жол шығармада 19 қате жасап, басқа екі бөлімде де сүрінгенін хабарлады.

ОСК-ға өткізді.⁴⁵ 2019 жылғы қаулысында ОСК қолдарды қабылдамауға негіздер ұсынған.⁴⁶ Алайда, ТСК да кез келген заңмен негізделген деп қарастырған жағдайда қолдарды жарамсыз деп тануға мүмкіндігі бар, және бұл тиісті сайлау тәжірибесіне қайшы түрлі түсініктемелерге әкеліп соғуы мүмкін.⁴⁷ Тіркелу 5000 еуро депозит төлеп, жеке және жұбайының салық мағлұмдамасын тапсыру шартымен мүмкін болды.⁴⁸

Дауыс берушілердің бір пайызынан қол жинау алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге сай болғанына қарамастан, бұл шарт территориялық өкілдікке шектеулі болғандықтан, тек аймақтық өкілдіктері жақсы дамыған ірі ұйымдар ғана бұл шартты берілген қысқа мерзімде орындай алады. Сонымен қатар, бір бірімен жанасатын қолдарды жинау және ақшалай депозит шарттары сайлауға ұсынылудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Құқықтық база кандидаттарды тіркеудегі, оның ішінде қолдаушылардың қолдарын растау тәртіптеріне, және сақталған жағдайда, тіл емтиханына қатысты анық, негізделген және себепті критерийлерді орнататындай етіп өзгерілуі тиіс. Кепілдік шартының бір ғана түрін қалдыру мүмкіндігі қарастырылса болады.

Жеті үміткер кандидат болып тіркеліп, олардың біреуі Қазақстандағы президенттік сайлаудағы алғаш әйел кандидат болды. Заң бойынша кандидаттар бюллетеньде алфавиттік тәртіпте орналастырылды.⁴⁹

VIII. САЙЛАУ АЛДЫ НАУҚАНЫ

Науқан кандидаттарды тіркеу аяқталғаннан кейін 11 мамыр күні басталып, 7 маусым күні түнгі сағат 24.00-де тыныштық кезеңі басталғанда аяқталды. Түрлі саяси партиялар мен бірлестіктерден жеті кандидат болуы саяси плюрализмнің көрінісін тудырғанымен, тек кейбір кандидаттар нақты платформалары мен сыни науқандарын ұсынды. Кандидаттардың көбінің штабтарында белсенді болғанымен, әйелдер басқарушы қызметтерге ие болмай, бір де бір кандидат сайлау алды науқанының үндеухаттарында гендерлік мәселелерді қозғаған жоқ.⁵⁰

Саяси партиялар шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде әйелдердің саяси көтерілуіне үлестерін қосып, гендерлік мәселелерді өз платформаларына енгізулері қажет.

Сайлау алды науқаны аса көрнекті болмай, көбінесе шектеулі қоғамдық қызығушылық тудыратын постерлер мен билбордтармен ғана шектеліп қойды. Кандидаттардың көбі

⁴⁵ ОСК бойынша, тіркеу барысы біткеннен кейін қолдар тізімі ТСК-мен жойылып, ОСК тек қолдардың шынайылығының тексерудің түйіндемесін алды.

⁴⁶ Бір адам басқа адамдардың атынан немесе дауыс беруші бір кандидатқа бірнеше қол қоюды тексеру арқылы.

⁴⁷ Венеция комиссиясының Сайлау мәселелеріне қатысты тиісті тәжірибелердің кодексінің I.1.3.iii бөлімінде «қолдарды тексеру нақты ережелерге сүйену қажет» деп ұсынылған.

⁴⁸ Депозит 2 125 000 теңге, яғни 50 айлық есептік көрсеткіш (АЕК); жуықтағанда 1 еуро 426 теңгеге тең. Депозит кем дегенде бес пайыз жинаған кандидаттарға қайтарылады.

⁴⁹ Жамбыл Ахметбеков, ҚКХП, Дания Еспаева, «Ақ Жол», Әміржан Қосанов, «Ұлт тағдыры» ұлттық патриоттық қозғалысы қоғамдық бірлестігі, Төлеутай Рақымбеков, «Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы, Амангелді Таспихов, «Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясы» Республикалық кәсіподақтар бірлестігі, Қасым-Жомарт Тоқаев, «Нұр Отан», және Сәдібек Түгел, «Ұлы Дала қырандары» Республикалық қозғалысы.

⁵⁰ [2014 жылғы БҰҰ ӘҚЖК-ның Қазақстанның үшінші және төртінші кезекті есебіне берілген біріктірілген қорытынды мәлімдемесінің](#) 23-24 тармақтарын қараңыз. ЕҚЫҰ Министрлік кеңесінің 2009 жылдың 2 желтоқсанындағы №7/09 Шешімінде «барлық саяси қайраткерлерді сайланған барлық деңгейдегі шешім қабылдаушы мемлекеттік лауазымдардағы гендерлік балансқа қол жеткізу мақсатында әйелдер мен еркектердің саяси партиялардағы тең қатысуын қолдауға ынталандырады».

ғаламторды сайлау алды науқандарына қолданатындарын хабарлағанымен, тек кейбіреулері ғана онлайн көріністерін мәнді іске асырды. Кандидаттар қоғамдық жиналыстар мен іс-шараларды ЕҚЫҰ талаптары мен халықаралық стандарттарға қайшы тек тиесілі жергілікті биліктен жоспарланған шараға дейін он күн бұрын өтініш беру арқылы өткізе алды.⁵¹ Бірқатар ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары өздерінің шектеуші тәртіптер мен өтінішті қабылдамау мүмкіндігі үшін саяси шараларды өткізуге өтініш бермегендіктерін хабарлады. Бірнеше жағдайларда әлеуетті жиналыстарға жол бермеу мақсатында полиция қызметкерлері тергеулер мен уақытша қамауға алу шараларын қолданды. Рұқсат берілмеген іс-шаралардың ұйымдастырушылары мен қатысушылары, олардың ішінде қоғамдық жиналыстарға немесе сайлауға бойкот салуға үндеген тұлғаларға айыппұлдар салынып, қамауға алынды.⁵² Сайлау алды науқанның соңы бірнеше қамауға алу жайттарымен одан ары түнерді.⁵³ Жалпы алғанда, бұл шектеулер жиналыс бостандығы мен сөз еркіндігін сайлау алды науқанына дейін және оның барысында артығымен шектеді.

Бейбіт жиналыстар туралы заң қоғамдық жиналыстарды өткізу үшін қазіргі уақыттағыдай биліктің рұқсатын алудың орнына, қарапайым ескертумен шектелетіндей етіп өзгертілуі қажет.

ОСК хабарлауынша, науқанның алғашқы 12 күнінде ел бойынша 7453 үгіт-насихат шаралары өтті. Дегенмен, ДИАҚБ СБМ жиыны тек 55 шарадан хабардар болып, 22 ғана қатысты. ДИАҚБ СБМ-ның барлық кандидаттарға жіберілген өтініштеріне қарамастан, көбі өздерінің науқандарының кестесімен ішкі құжаттар болу себебімен бөліскен жоқ.⁵⁴ Кандидаттар шараларды жабық алаңда өткізуге бөлінген жерлерге көңілдері толатындықтарын және ашық алаңда іс-шара өткізбеуге шешім қабылдағандарын ДИАҚБ СБМ-на хабарлады.

Науқан барысында Н.Назарбаев Тұңғыш Президент құзыретінде өзінің қоғам алдындағы

⁵¹ Өтініш іс-шараның мақсатын, форматын, орнын, басталу және аяқталу уақытын, қатысушылардың жуық санын және ұйымдастырушылардың аттарын көрсету қажет. БҰҰ жиналыстар мен бірлестіктер құқықтары бойынша Арнайы баяндамашысының [2015 жылғы баяндамасында](#) «бейбіт жиналыстар құқығы биліктен алдын ала рұқсат сұрау арқылы емес, әрі кетсе шерушілер мен бөгде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ескерту арқылы жүзеге асырылуы тиіс» деп пайымдайды. ХАСКП-ның 25 бабына берілген 1996 жылғы БҰҰ АСКК №25 жалпы түсініктемесінің 12 тармағында «Сөз еркіндігі, жиналыстар мен бірлестіктер бостандықтары сайлау құқықтарының негізгі шарты болып табылады және толығымен қорғалуы тиіс» делінген. Қосымша 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.2 тармағын қараңыз. [1999 жылғы ЕҚЫҰ Ыстамбұл Саммитінің декларациясының](#) 26 тармағы қатысушы мемлекеттер «[...] кандидаттар және партиялар арасындағы әділ бәсекелестікті БАҚ-на тең қолжетімділік пен жиналыстар құқығына құрмет арқылы қамтамасыз етулері қажет» деп көрсетілген. Қосымша [ДИАҚБ/Венеция комиссиясының бейбіт жиналыс бостандығы бойынша біріктірілген басшылыққа алынатын қағидадарын](#) қараңыз, 6 тармақ.

⁵² Мысалы, 25 мамыр күні әлеуметтік желілерде сайлауға бойкот жариялауға шақырған азамат екі күнге әкімшілік қамауға алынды. 9 мамыр мен 4 маусым аралығында 3 азаматқа өздерінің әлеуметтік желідегі парақшаларында қоғамдық пікірге байланысты сауалнама жүргізгендері үшін 90 еуро шамасында айыппұл салынды.

⁵³ 7 және 8 маусым күндері ел бойынша оннан астам адам ұсталып, бір тексерілген жағдайда полиция қызметкерлері күш қолданды. Ресми тұлғалардың ДИАҚБ СБМ айтуы бойынша, кей жағдайлар ҚДТ қатысты тұлғаларды анықтау бойынша тергеу жұмыстарына байланысты болды. Үш адам сотқа дейінгі 72 сағаттық қамауға алынып, нәтижесінде бірнеше ай қамауға жазаланса, алтауы үш күннен он бес күнге дейінгі әкімшілік қамауларға жазаланды.

⁵⁴ ДИАҚБ СБМ Ж.Ахметбеков пен А.Таспиховтың кестелерін алды. Қ.Тоқаев бас штабы ДИАҚБ СБМ-на науқан кестесі ішкі құжат екенін және тек жарияламау жайлы келісімге қол қойғаннан кейін жіберіле алатынын хабарлады.

көрінісін көбейтіп, сайлаушыларды Қ.Тоқаевты қолдауға шақырды.⁵⁵ Бірқатар жағдайларда мемлекеттік қызметкерлер мен студенттер ДИАҚБ СБМ-на басқа мемлекеттік қызметкерлер тарапынан науқан шараларына қатысып, президентке дауыс беруге нұсқаулықтар түскенін хабарлады.⁵⁶ Мұндай әрекеттер партия мен мемлекет арасындағы шекараны бұзып, ЕҚЫҰ талаптары мен аймақтық міндеттемелеріне қайшы, сайлаушылардың өз дауыстарын еркін түрде беру қабілетіне қатысты аландатушылықтар туғызды.⁵⁷

Биліктегілер мемлекет пен партия арасындағы шекараның анық болуын қамтамасыз ететін кепілдіктерді дамытып, сайлау алды науқаны қорқыту мен есесін алу қорқынышынан бос жағдайда өтуін қамтамасыз етулері тиіс. Биліктегілер мен саяси партиялар мемлекеттік қызметкерлерді, студенттерді және өзгелерді науқан шараларына қатысуға мәжбүрлеуді тоқтатулары қажет.

IX. САЙЛАУ АЛДЫ НАУҚАНЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау туралы заң мемлекеттік және жеке қаржыландыруды қарастырады. Кандидаттар науқан шығындарының бір бөлігін ОСК бекіткен тәртіп бойынша Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен ашылған Нұр-Сұлтан қаласының ТСК-мен қадағаланатын шоттарға тікелей салынған мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыра алады.⁵⁸ Кандидаттар қаржыға ие болу үшін қажетті құжаттар мен өтініш тапсырулары қажет. Мемлекеттік қаржыландыруға тапсырыс беріп, оны жұмсау тәртіптері тым күрделі, және заңмен толыққанды реттелмегендіктен кандидаттар тарапынан түсініктеме беру өтініштеріне алып келді.⁵⁹ Мемлекеттік қаржыландыру бойынша есептер Нұр-Сұлтан қаласының ТСК-на мемлекеттік аудит мекемесі тексеру өткізу үшін уақытылы есеп беру мерзімдерінде өткізіліп отыруы тиіс болды, бірақ бұл сайлау үрдісіне қатыссыз, қоғамға ашық болмағандықтан, жалпы науқан қаржыларының шолуында толығымен көрініс тапқан жоқ.

Жеке қаржыландыру кандидаттың жеке қорларынан, өздерін ұсынған партия мен бірлестіктердің салымдарынан және жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың

⁵⁵ Постерлердің кейбіреуінде Қ.Тоқаев әлеуметтік, экономикалық, сыртқы саясаттардың сабақтастығын айрықша көрсетіп Н.Назарбаевпен бірге бейнеленген. Ресми сайттағы ақпарат бойынша, өзінің қызметін тоқтатқанға дейін бір ай бұрын Н.Назарбаев қоғам алдында төрт рет байқалса, науқанның басталуынан 7 маусым аралығында Тұңғыш Президент құзыретінде ел басшыларын, үкімет басшыларын қабылдап, сыйлықтарды табыстап және жоғарғы деңгейлі іс-шараларға қатысып 21 рет көрінген.

⁵⁶ Расталған жағдайлар ДИАҚБ СБМ-на Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Петропавл және Семей қалаларынан хабарланды.

⁵⁷ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.4 тармағында «мемлекет пен саяси партиялар арасында анық шекара болуы тиіс, әсіресе, саяси партиялар мемлекетпен бірлеспеуге тиіс» деп бекітілген. ТМД Конвенциясының 19.2g бабы мемлекеттерді «... заң мен үкімет саясаты партия мен мемлекет арасындағы бөлінудің болуын қамтамасыз етуін» міндеттейді. ЕҚЫҰ Копенгаген құжаттарының 7.7 тармағы мемлекеттерден «заң мен мемлекеттік саясат саяси науқан партиялар мен кандидаттарға өз ойларын ашық айтуға және біліктілігін көрсетуге ешқандай әкімшілік әрекет, күш салу немесе қорқыту кедергі болмайтын, немесе дауыс берушілерге оларды танып талқылауға немесе өз дауыстарын еш үрейсіз беруге мүмкіндік беретін әділ әрі еркін жағдайда өтуіне жұмыс істеуін» талап етіледі. Қосымша 1996 БҰҰ АПҚК №25 жалпы түсініктемесінің 19 тармағын қараңыз.

⁵⁸ Әр кандидат шамамен 12 350 еуро теледидардағы және 470 еуро радиодағы науқандарына, 1900 еуро басылымдардағы насихаттарына, 470 еуро қоғамдық іс-шараларға, 940 еуро үгіт-насихат материалдарын басып шығару үшін және 1110 еуро транспорттық шығындарын өтеуге қаражат алды.

⁵⁹ Кандидаттар қаржыландыруға өтініш беру үшін қызмет көрсетушілермен келісімшарттарын және шот-фактураларын өткізулері тиіс. Комиссия төлемдерді 10 күн ішінде жіберуі тиіс. Түсініктемеге өтінішке бес кандидат тапсырыс берді.

қайырымдылықтарынан тұра алады.⁶⁰ Мемлекетпен қаржыландырылатын мекемелерден, қайырымдылық қорларынан, діни қауымдастықтардан, шетелдік және қандай-да бір анонимді көздерден түскен салымдарға тиым салынған. Кандидаттар ОСК-мен таңдалған банкта тіркелгеннен кейін бес күн ішінде арнайы шот ашулары тиіс. Қаржы жинауды бастауға жалпыға ортақ күн белгіленген жоқ. Банк ОСК-на апта сайын барлық салымдар мен шығымдар бойынша есеп беруі тиіс болды.⁶¹

Заңмен талап етілгендей, ОСК науқан қорлары бойынша мағлұматтарды жариялап отырды. Дегенмен, қаржылардың көздері жайлы немесе қандай мақсатта шығым жасалғандығы жайлы бөлініп көрсетілген ақпарат болмағандықтан, ашықтылық пен есептілікке нұқсан тиді.⁶² ОСК сай, барлық жеті кандидат өздерінің науқан қаржылары бойынша есептерін берілген заңды мерзім ішінде өткізді, алайда үш кандидатқа қателіктерге байланысты қайтадан өткізуге талап қойылды, бірақ мұндай талаптар заңмен я ережелермен қарастырылмаған.⁶³ ОСК-мен есептерді растау бойынша және кандидаттардың есептерін банктен алынған деректер мен аудиттік органдардың деректерімен салыстырмалы тексеру бойынша ешқандай тәртіп бекітілмеген. Есептер жеңімпаздың инаугурациясынан кейін өткізіліп, ОСК сайтында жарияланған жоқ, бұл өз кезегінде есеп беру тәртібінің тиімділігін жойды.⁶⁴

Заң науқан қаражаты бойынша, оның ішінде мемлекеттік қордан алынған қаржы бойынша, есеп беру мен аудитке қатысты анық тәртіптер мен ережелерді қамтуы тиіс. Сайлау күніне дейін кандидаттардың аралық қаржылық есептемелерінің өткізілуі мен жария етілуі есеп беруге міндеттілікті қамтамасыз ету үшін міндеттелуі тиіс. Қаржылық ашықтықты нығайту үшін заң толық қаржылық есептемелердің уақытылы өткізіліп жариялануын талап ету қажет.

Науқанды қаржыландыру ережелерін бұзған үшін ықпалшаралар әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде шамамен 294 еуро көлеміндегі айыппұл түрінде анықталған, сондай-ақ Сайлау туралы заңда кез келген заңды бұзушылық үшін кандидаттың тіркеуін қайтарып алу және сайлаудан кейін құқық бұзушылықтар белгілі болған жағдайда сайлау нәтижелерін жою қарастырылған. Ықпалшараға жүгінудегі тиісті заңды қолдану бойынша бекітілген

⁶⁰ Кандидаттар мен ұсынушы мекемелердің жиынтық қаржылары шамамен 1.2 миллион еуромен шектелсе, қайырымдылық қаржылары шамамен 1.5 миллион еуромен шектеледі. Кандидаттардың шығымдары заңмен бекітілген қоғамдық және жеке қаржылардың мөлшерімен шектеледі (шамамен 2.72 миллион еуро).

⁶¹ ОСК ДИАҚБ СБМ-на науқан кезіндегі жеке қорлардан шығымдарға қосымша тексеру жүргізбейтінін хабарлады.

⁶² 2003 жылғы БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 7.3 бабы мемлекеттерді «мемлекеттік лауазымға сайлауға түскен кандидаттарды қаржыландырудағы ашықтықты қамтамасыз ету үшін тиесілі құқықтық және әкімшілік шараларын асыруға» міндеттейді. [2010 жылғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Венеция Комиссиясының саяси партияларды реттеу бойынша басшылыққа алынатын қағидаттарында \(CDL-AD\(2010\)024\)](#) «Дауыс берушілер саяси партияларға берілген қаржылай қолдау жайлы партияларды есепке тарту үшін тиісті ақпараттан хабардар болулары қажет», ал «саяси қаржыландыруды жариялау... ашықтыққа қол жеткізудегі негізгі саяси құрал» деп бекітілген. 206 тармағында «алдыңғы қатарлы тәжірибе болып табылатын есеп берудегі ашықтық қаржылық есептердің уақытылы жариялануын талап етеді. Бұл талаптардың орындалуы есептердің жалпы қоғамға пайдалы және түсінікті болу үшін жеткілікті деректерге ие болуын қажет етеді» деп анықтама берілген.

⁶³ Д.Еспаева, Т.Рахимбеков және Ж.Ахметбеков өз есептерін қайта тапсырулары қажет болды. ОСК сай, Қ.Тоқаев шамамен 2.7 миллион еуро жинап, оның 2.66 миллионын жұмсады; Д.Еспаева 833 400 еуро жинап, 782 100 еуросын жұмсады; С.Түгел 285 000 еуро жинап, 255 000 еуросын жұмсады; Т.Рахимбеков бірдей 605 550 еуро жинап жұмсады; А.Таспихов 970 600 еуро жинап 924 400 еуросын жұмсады; Ж.Ахметбеков пен Ә.Қосанов науқанды жеке қорларынан қаржыландырып (тиісті салымдары 1 113 500 еуро және 261 511 еуро), ал шығымдары 1,133 миллион еуро мен 261 496 еуро құрады.

⁶⁴ [2010 жылғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Венеция Комиссиясының саяси партияларды реттеу бойынша басшылыққа алынатын қағидаттарында \(CDL-AD\(2010\)024\)](#) «заң партиялар міндетті ақпараттың барлық түрін жария ететін стандартты есептерін қамтамасыз етіп, бұл есептер салыстырмалы түрде тексеріле алатындай есептердің форматын анықтау қажет» деп көрсетілген.

критерийлердің жоқтығы, сондай-ақ Сайлау туралы заңдағы әр түрлі шаралар халықаралық стандарттарға қайшы жосықсыз шешімдерге немесе үйлесімсіз ықпалшараларға әкеліп соғуы мүмкін.⁶⁵

Құқықтық сенімділікті қамтамасыз ету үшін сайлау науқанын қаржыландыруына қатысты ықпалшаралардың түрлі заңдарда берілгендей қолданылуы және оларды жүргізетін билік айқындалуы тиіс.

X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

A. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің хабарлауы бойынша, елде 3000-нан астам бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген. Қоғамдық БАҚ болмағанымен, бірқатар БАҚ толығымен немесе жартылай мемлекетпен қаржыландырылады. БАҚ санының көптігіне қарамастан, ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушыларының көбі ұлттық және облыстық басқарушылар БАҚ-на қоғамдық келісімшарттардың берілуі арқылы ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде, шектеулі жарнамалық нарық жағдайында олардың тәуелсіздігіне елеулі түрде кері әсерін тигізі алады.⁶⁶ ДИАҚБ СБМ-ның сұхбаттасушыларының көбінің сөзіне сай, мемлекетпен қаржыландырылған БАҚ ресми көздерден алынған ақпаратқа басқа БАҚ-на қарағанда оңайырақ қол жеткізе алады, алайда алынған ақпаратқа сыни түрде талдау жасамайды. Бірқатар жағдайларда қоғамдық науқаннан тыс қызығушылық тудырған саяси жайттарды мемлекетпен қаржыландырылған БАҚ қамтымауды жөн көрді.⁶⁷ Керісінше, бірнеше жағдайларда ДИАҚБ СБМ кейбір тәуелсіз тілшілерге митингілер жайлы ақпарат беруге кедергі жасалынып, қамауға алынғандары жайлы сенімді ақпарат алды.⁶⁸

БАҚ өздерінің редакторлық саясатын енгізуге құқылы болулары қажет. Мемлекет басшылары сайлау кезінде және сайлау арасында БАҚ мен тілшілердің әрекеттеріне қол сұғудан бас тартулары қажет. Қоғам алдында есепті тәуелсіз БАҚ құру мақсатында, мемлекет иеленген арналарды қоғамдық арналарға айналдыруды қарастыруға болар еді.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, сондай-ақ Бас прокуратура мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті сайттарға бұғау салып, сот шешімінсіз БАҚ көздерінің жұмысына тиым салуға құқылы. Оған қоса, мемлекеттің шешімі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Бас прокуратураның, Ішкі істер министрлігінің және Қорғаныс министрлігінің төтенше жағдайда немесе «әлеуметтік қауіп» сияқты, тек көрінген қауіп-қатер жағдайында байланысқа қолжетімділікті тоқтатып немесе басымдылық беру әрекеттерін одан ары қолдайды.⁶⁹ 9 мамыр күні бірқатар онлайн БАҚ

⁶⁵ [2002 жылғы Венеция Комиссиясының Сайлау мәселелеріндегі адал мінез-құлық кодексінің](#) II.2.63 бөлімінде «Заң тұрақтылығы демократияны нығайтудағы маңызды болып табылатын сайлау үрдісінің сенімділігінде шешуші рөл атқарады» деп бекітілген.

⁶⁶ Мысалы, сайлау алды науқанын БАҚ-мен қамту жайлы қатысушы мемлекеттерге берген Еуропа кеңесінің Комитетінің Министрлік ұсыныстарының [CM/Rec\(2007\)15](#) 1.3 тармағын қараңыз.

⁶⁷ Мемлекетпен қаржыландырылған телеарналар мен онлайн жаңалық сайттары 21 сәуір мен 1 мамырда болған митингілер мен кей белсенділер мен журналистердің қамауға алынғанын хабарлаған жоқ. Тұрғын-үй мәселесін шешуді талап еткен көп балалы аналардың наразылық митингілері және сайлау күні мен одан арғы күні болған митингілер тек бір жақты билік жағынан ғана қамтылып өтті.

⁶⁸ Мысалы, ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы бойынша өкілінің 9 маусымдағы [мәлімдемесін](#) қараңыз.

⁶⁹ 2018 жылдың 25 қазан күніндегі [679 Үкімет шешімін](#) қараңыз.

мен Facebook, Instagram және YouTube сайттарына бұғау салынды.⁷⁰ ДИАҚБ СБМ байқауынша, әлеуметтік желілер мен хабарлама жіберу құралдары күнде кешке, оның ішінде сайлау күні де, бірнеше минуттан 17 сағатқа дейін шектеліп немесе бұғатталып отырды. Кеңінен жазылған анти-экстремистік заңнама және шектеуші нормативтік-құқықтық база, сондай-ақ түрлі мемлекеттік органдардың сайттарды сот шешімінсіз бұғаттау құзыреті БАҚ еркіндігіне нұқсан келтіріп өзін-өзі цензуралауға әкеліп соғады.⁷¹

Сайттар мен өзге де интернеттегі дереккөздеріне қойылған шектеулер сот шешімімен ғана жүргізілуі қажет. Кез келген ұсынылған шектеулер, сондай-ақ шешімдер мен бұғатталған сайттардың толық тізімі қоғам алдында жария болуы қажет.

Сөз еркіндігі мен ақпаратқа қолжетімділік құқығы Конституциямен кепілденгенімен, БАҚ-на қатысты құқықтық база бірқатар шектеуші ережелерді қамтиды. Алдыңғы ДИАҚБ ұсыныстарына және ЕҚЫҰ Сөз бостандығы бойынша өкілінің үндеулеріне қайшы, диффамация мен жәбірлеу әлі де қылмыстық бұзушылық болып қала береді. Әлеуметтік, ұлттық және діни алауыздықты қоздыру, сонымен қатар жалған ақпаратты тарату елеулі айыппұлдар мен 20 жылға дейінгі бас бостандығынан айырумен жазаланады.⁷² ЕҚЫҰ Сөз бостандығы бойынша өкілі бірнеше рет «көптеген жағдайларда тілшілер қысым мен үрей астында, ақпарат шектеулі, әсіресе билік өкілдерінен келетін мемлекеттік ақпаратқа қолжетімділік жоқ жағдайда жұмыс істейді» және «Қазақстандағы тілшілерді қамауға алу өте үлкен алаңдаушылық туғызады» деп атап өткен.⁷³

Қылмыстық диффамация, жәбірлеу және жалған ақпарат таратуға қатысты заңдар азаматтық санкциялар жағына қарай, шағым берушіге өтемақы беріп немесе қорғалушыны жазалаудың орнына, зақым келтірілген абыройды қалпына келтіру үшін өзгертілуі қажет. Бқпалшаралар қатаң түрде жасалған зақымға үйлесімді болуы қадағаланып, материалды емес өтемақы түрін қолдану басым болуы қажет.

БАҚ туралы заңға сай, әлеуметтік желілер БАҚ болып саналады. Ақпарат және қоғамдық министрлігіне қарасты ақпарат комитеті ДИАҚБ СБМ-на барлық ұлттық БАҚ-ның, елдегі 150 веб-сайттың және көпшілікпен қолданыстағы әлеуметтік желілердің сапалы медиа мониторингін өткізгені жайлы хабарлады. Бұл мониторингтің қамту деңгейі мен әдістемесі қоғамға жария болмағанымен, Ақпарат комитеті ДИАҚБ СБМ-на бұл мониторингтің басты нысаны БАҚ-ның құқықтық нормаларға сәйкестігі болғанын пайымдады.

⁷⁰ 10 мамырдағы ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы бойынша өкілінің [мәлімдемесін](#) қараңыз. Кей сұхбаттасушыларға сай, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында интернетке шығуға мүмкін емес болды. Ақпарат және қоғамдық даму министрінің [айтуынша](#), 14 мамырдан бастап интернет жұмысындағы тоқтаулар интернет қызметін көрсетуші провайдерлердің техникалық мәселелеріне байланысты болды. БҰҰ сөз еркіндігі бойынша арнайы баяндамашысы, ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы бойынша өкілі, Америка елдерінің сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділік еркіндігі бойынша арнайы баяндамашысының және Адам құқықтары бойынша Африка кеңесінің сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділік еркіндігі бойынша арнайы баяндамашысының [Сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділік еркіндігі бойынша біріккен декларациясының](#) За тармағында «сайттардың, IP адресстердің, порттардың, байланыс протоколдарының немесе басқа құралдардың (әлеуметтік желілер сияқты) толығымен міндетті бұғатталуы шеттен шыққан шара болып табылады, ол белгілі бір баспасөз құралына немесе теле/радио арнаға тыйым салумен бірдей, ал бұл халықаралық стандарттарға сай, тек мысалы кәметке толмаған балаларды жыныстық зорлықтан қорғау үшін ғана орынды» деп бекітілген.

⁷¹ Қосымша ХАСҚП-ның 19 бабына берілген 2011 жылғы БҰҰ АСҚК №34 жалпы түсініктемесінің 21-15 тармақтарын қараңыз.

⁷² Қоздыру 12 жылдан 20 жылға дейінгі қамауға алумен жазаланады, ал жалған ақпарат тарату бас бостандығына шектеу салу немесе 3-тен 7 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. БАҚ жағдайларына ескіру мерзімі бекітілмеген.

⁷³ ЕҚЫҰ Сөз бостандығы бойынша өкілінің [2018 жылғы 5 сәуірдегі](#), [2018 жылғы 8 қарашадағы](#) және [2019 жылғы 27 ақпандағы](#) мәлімдемелерін қараңыз.

Медиа мониторингін жүргізуге мүдделі тәуелсіз медиа бақылау органын құруды ойластыруға болар еді. Осындай мониторингтердің әдістемесі мен қорытындылары көпшілікке қол жетімді болуы қажет.

Бас прокуратура 8 және 23 мамыр күндері сауалнама жүргізуге қатысты заңды шектеуші түрде талдап, қалай, қашан және кіммен сауалнаманың жүргізілгені жайлы ақпаратты көрсетпеген, сондай-ақ әлеуметтік желілерде сауалнама жүргізген жеке тұлғаларды жауапкершілікке тартатын екі негізгі ескерту шығарды.⁷⁴ Науқан барысында Ақпарат комитеті өткізген медиа мониторингінің нәтижелерінің негізінде төрт жаңа портал мен үш тұлғаға онлайн сауалнама жүргізгендері үшін айыппұл салынды.⁷⁵

А. МЕДИА МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Науқан негізінен бүкіл ел бойынша мемлекет иеленген БАҚ-мен қамтылды. Кей жеке БАҚ ДИАҚБ СБМ-на сайлауға қатысты мәселелерді аса шектеуші тәртіптерге байланыста көтермеуді жөн көргендерін хабарлады. ОСК 29 мамырда барлық кандидаттарға ұйымдастырылған жалғыз жарыссөзді өткізуге Хабар телеарнасын таңдады. Төрт кандидат қатысып, қалған үшеуі, солардың қатарында президент рөлін атқарушы, өз өкілдерін жіберді. Бір де бір әйел адам жарыссөзге қатысқан жоқ, ал жалғыз әйел кандидаттың орнына оның еркек науқан менеджері қатысты. Қатысушылар қазақ немесе орыс тілдерінде аудармасыз сөйлегендіктен, бұл екі тілдің тек біреуінде ғана сөйлейтін сайлаушылардың ақпараттан хабардар пікір қалыптастыруына кедергі болды. Науқан барысында Н.Назарбаев Тұңғыш Президент рөлінде ауқымды БАҚ қызығушылығына бөленіп, көптеген жаңалықтардың бас тақырыптарында көрінді.⁷⁶ Мемлекетпен қаржыландырылған арналар өздерінің сайлауға қатысты мәселелерді қамту бойынша эфирдегі уақытының 14 пайызынан 31 пайызына дейін Н.Назарбаевқа арнады. Қ.Тоқаев өзінің күнделікті президент ретіндегі міндеттеріне қатысты 10-нан 53 пайызға дейін эфирдегі уақытқа ие болса, кандидат ретінде 9-дан 20 пайызға дейін тамашаланды. Қалған кандидаттардың әрқайсысы бақыланған арналарда 5-тен 20 пайызға дейінгі уақытқа ие болды. Мемлекетпен қаржыландырылған БАҚ біркелкі үлгіні ұстанса, ДИАҚБ СБМ-мен бақыланған екі тәуелсіз газет Н.Назарбаевтың теріс жағынан көрсетуге көбірек көңіл бөлді.

Барлық кандидаттар жайлы пайымдау не оң, не бейтарап түрде ұсынылды, және көбінесе олардың әрекеттері олардың өкілдерімен көрсетілді. Жалпы, БАҚ көрермендерді кандидаттардың науқан платформаларының жетік талдауымен қамтамасыз еткен жоқ. Төленген жарнамаға қатысты, барлық кандидаттар мемлекетпен қаржыландырылған БАҚ-на видеобейнелерін орналастырды, бірақ тек Қ.Тоқаевтың бейнебаяндары бақыланған үш жеке арнаның екісінде көрсетілді. Науқан кезінде БАҚ әр кандидатқа берілген ресми эфирдегі уақыт көлемінің бөлінуін сақтағанымен, президент қызметін атқарушысының өз қызметі барысында

⁷⁴ Айыптау әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 120 бабына және Сайлау туралы заңның 28.9 бабына сілтейді.

⁷⁵ Сайлау күніне дейін прокурор БАҚ-на қатысты сегіз сот ісін бастады. Оның жетеуі сауалнама өткізу тәртіптеріне қатысты болды. Төрт жаңа порталға (*Nur.kz*, *Kazak uni*, *Socium Kyzylorda* және *Exclusive.kz*) шамамен 180 еуро көлемінде айыппұл салынды. Үш азаматқа өздерінің әлеуметтік желілердегі парақшаларындағы посттары үшін шамамен 90 еуро айыппұл салынып, оның екеуі сот шешіміне шағымданып, олардың шағымдары қанағаттандырылмады (*Шағымдар* бөлімін қараңыз). Тағы бір іс науқан материалдарын алдымен ОСК-на баға көрсеткіші тізімін тапсырусыз жарияланғанына қатысты болды.

⁷⁶ Науқан мерзімі кезінде ДИАҚБ СБМ келесі БАҚ бақылады: телеарналар: Хабар телеарнасы, Қазақстан телеарнасы (мемлекетпен қаржыландырылған арналар), Бірінші Еуразия арнасы (негізінен мемлекетпен қаржыландырылған арна), 31 арна және КТК (жеке арналар). Радио: Қазақ радиосы (мемлекетпен қаржыландырылған). Газеттер: Егемен Қазақстан және Казахстанская Правда (мемлекетпен қаржыландырылған газеттер), DAT, Литер, Время, Жас Алаш (жеке журналдар). Онлайн БАҚ: sputniknews.kz, tengrinews.kz, және www.zakon.kz.

жиі көрсетілуі және Тұңғыш Президент тарапынан көрсетілген ерекше қолдауы барлық кандидаттарға біркелкі жарыс деңгейінің болуына жол бермеді. Бұл жайт БАҚ-мен жасалған сыни талдаудың болмауының аясында сайлаушылардың ақпараттан хабардар таңдау жасауларына нұқсан келтірді.⁷⁷

БАҚ президент қызметін атқарушы және басқа билік басшылары жайлы ақпаратты теңдестірілген түрде хабарлауға міндеттелуі қажет. Сайлау туралы пайымдау форматы мен ақылы сайлауға қатысты материал бойынша шешімдер толығымен тек БАҚ редакторлық саясатына тәуелді болуы тиіс.

ОСК-на сай, БАҚ-на қатысты жеке тұлғалар мен мекемелерге әкімшілік кодекс бойынша ықпалшара салуға құзыреті бар ОСК-на немесе Ақпарат комитетіне бір де бір наразылық немесе шағым түскен жоқ. Алайда, ДИАҚБ СБМ-на Hols News порталымен ОСК-на Хабар телеарнасында көрсетілген Н.Назарбаевтың Нұр Отан мүшелерімен өткен отырысы жайлы 11 минутқа созылған репортажға қарсы шағым берілгені жайлы хабарланды. Пайымдау бойынша, репортаж Қ.Тоқаев пайдасына насихаттау элементтерінен тұрды. Hols News порталы бұл репортажда насихаттау элементтерінің болу-болмауы жайлы, және бұл кандидаттарды тең баяндау ережесінің бұзылуы ретінде тіркелу мүмкіндігіне қатысты түсіндірмеге өтініш берді. Шілденің бірі күні ОСК шағымды қарастыруды тәмамдап, қарастыру нысаны болған репортаж жаңалықтардың бір бөлігі және сайлау алды науқанға еш қатысы болған жоқ деп қорытынды шығарды. Медиа мониторингін жүргізетін және ОСК тарапынан бұл мәселе жайлы ақыл-кеңес алған Ақпарат комитеті ОСК шешімін қайталады.

XI. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН ШАҒЫМДАР

Сайлауға қатысты наразылықтар барлық сайлауға мүдделі тұлғалармен сайлау комиссияларына немесе соттарға орын алған бұзушылықтан кейін он күн ішінде өткізіле алады.⁷⁸ Сайлау комиссиялары наразылықты бес күн ішінде қарастырып, төменгі деңгейлі комиссиялардың шешімдеріне шағымдарды үш күн ішінде қарастыруы тиіс. Сайлау күнінен бес күн бұрын немесе сайлау күні өткізілген шағымдар дереу қарастырылуы қажет.⁷⁹ ДИАҚБ СБМ ТСК наразылықтарға қатысты заңдардан сот пайдасына қарай бас тартқанын, ал соттар бұл наразылықтар ТСК құзыретінде деп шешіп, ақырында бұл наразылықтардың қараусыз қалған кездерін байқады.

Құқықтық сенімділікті қамтамасыз ету үшін заңнаманы бір-біріне қайшы заңдардың болу мүмкіндігіне жол бермеу үшін өзгертіп, және дауларды шешу үрдісін жеңілдету үшін тиісті құзыреттерді бір органға ғана беру қажет.

ДИАҚБ СБМ ОСК-нан алған статистикалық деректер жиынтығына сай, ОСК 203 өтінімді қабылдап, оның 27 наразылық ретінде қабылданды. Өтінімдер ОСК тарапынан ресми тыңдаусыз және наразылық танытушыларға қосымша деректер тапсыруға мүмкіндік берместен

⁷⁷ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 10.1 тармағында қатысушы мемлекеттер «барлығының, жеке тұлға ретінде немесе басқалармен бірлестікте болсын, адам құқықтары мен негізгі бостандықтар жайлы пікірлер мен ақпараттарды іздеп, қабылдап және еркін түрде бағалауға, сондай-ақ бұл пікірлер мен ақпараттарды таратып, басып шығаруға құқықтарын құрметтеуге» уәде береді. Қосымша 2011 жылғы [БҰҰАҚК №34 Жалпы түсініктемесін](#) қараңыз.

⁷⁸ Егер наразылық екеуіне де өткізілген болса, сайлау комиссиясы барлық үрдістерді сот шешімі күшіне енгенге дейін тоқтатуы тиіс. 2002 жылғы Венеция Комиссиясының сайлауға қатысты мәселелерге қатысты адал тәжірибелер кодексінің II.3.3 бөлімінде заңдағы позитивті немесе негативті қайшылықты болдырмауды «шағымданушы да, билік те шағымды қарастыратын органды таңдай алмау үшін» ұсынады.

⁷⁹ Заң бойынша, сайлау комиссиялары сайлаушылар тізіміне кіргізу жайлы шағымдарды сол күні шешіп, олардың шешімдері одан арғы тездетілген сот қадағалауына тиесілі.

өтті. Өтініштерге қарамастан, ОСК наразылықтардың мәтінін немесе ресми шешімдері мен жауаптарын жарияламай, ДИАҚБ СБМ-на ешқандай мәлімет жібермеді, және бұл өз орнында ЕҚЫҰ талаптарына қайшы тиімді құқықтық қорғау амалдарына кері әсерін тигізеді.⁸⁰

Сайлауға қатысты дауларды реттеу барысының ашықтылығын және барлық мүдделі жақтарға тиімді құқықтық қорғаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, заң барлық дау-дамайға қатысты өтініштер ресми шағым ретінде қарастырылуын, барлық шағымдар ашық отырыстар барысында қаралуын, және шешімдер негізделген болып, халыққа уақытылы түрде жариялануын міндеттеуі қажет.

Жоғарғы сот ОСК шешімдеріне қатысты наразылықтар мен шағымдарды қабылдайды. Кандидаттардың тіркелуі немесе тіркеуден алынып тасталуына шағымдар ОСК шығарған шешімнен кейін он күн ішінде өткізілуі тиіс, ал Жоғарғы соттың соңғы шешімді шығаруға он күні бар. Шешім науқан басталып кеткеннен кейін шығарылу мүмкіндігі бар, ал бұл тең деңгейде науқан жүргізу қабілетіне кері әсерін тигізеді. Кандидаттарға тіркелу бойынша салынған талаптарға қатысты Жоғарғы сотқа бес шағым келіп түсті, оның төртеуі қабылдауға жарамсыз деп танылса, енді біреуі қайтарылып тасталды.⁸¹

Сайлаудың қорытынды нәтижелеріне шағымдар сот жүйесіне қатысы жоқ тек Конституциялық кеңеске ғана өткізіле алады.⁸² Қорытынды нәтижелерге он күн ішінде тек президент тарапынан, парламенттің екі палаталарынан немесе кем дегенде парламенттің мүшелерінің бестен бір бөлігінен я премьер-министр тарапынан шағым түсе алады. Сенімді сайлау тәртіптеріне қайшы, азаматтар сайлау нәтижелеріне шағым беру құқығынан айырылған.⁸³ Заң бойынша сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тану үшін ешқандай-да бір анық жағдайлар немесе критерийлер бекітілмеген.

Сайлау туралы заң сайлауға үміткерлер мен сайлаушыларға тікелей сот алдында сайлау нәтижелеріне шағымдануға мүмкіндік беретіндей етіп өзгертілуі тиіс. Заң сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тану үшін анық жағдайларды бекітуі қажет.

Конституция соттардың әділеттілікті тәуелсіз түрде іске асыруын қамтиды. Алайда, барлық деңгейлердегі соттар президентпен ұсынылып, тағайындалып немесе алынып тасталатындықтан, олар билік алдында тәртіптік шаралардың тиянақты орындалуы сияқты мәселелерде тәуелді болып, бұл өз кезегінде биліктердің бөліну қағидатына нұқсанын

⁸⁰ ОСК сай, кандидаттарды тіркеу кезінде жалпы 35 өтініш қабылданып, науқан басталғаннан кейін 168 өтініш қабылданды. Көбі сайлау әкімшілігіне (119), өзін-өзі ұсынуға (34) қатысты болып, 8 қабылданбай, 27 тиесілі ТСК-на тексеруге жіберілді. 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.11 тармағы «белгілі бір тұлғаға қарсы әкімшілік шешімдер толығымен орынды болып, ереже ретінде қолжетімді құқықты қорғау амалдарын атап өтуі тиіс» деп көрсетіп, 5.10 тармағы қатысушы мемлекеттерді барлық азаматтарды «негізгі бостандықтарға және құқықтық тұтастыққа кепілдік беру үшін әкімшілік шешімдерге қарсы тиімді құқықтық қорғаумен» қамтамасыз етуге міндеттейді.

⁸¹ Бұл шағымдар кандидаттылыққа ұсынуға қойылған шектеулердің конституцияға сәйкестігіне қатысты болды. Шешімдердің біреуі Жоғарғы соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасымен кассациялық тәртіпте қарастырылды. Басқа шағым тіл емтиханының бағалануына және емтихан қорытындыларының жария етілгені үшін үміткердің абыройына салынған болжалды зақымға қатысты болды. Сот бұл іске қатысты үш отырыс өткізді, бірі қоғам мүшелері мен ДИАҚБ СБМ бақылаушыларына жабық болып, шағымды қайтару жайылы шешім шығарды.

⁸² Конституциялық кеңес конституциялық жағдайларды талдап, заң жобалары мен актілердің конституциялығын анықтап, сондай-ақ шағым түскен жағдайда президенттік сайлаудың қорытындыларының жарамдығын анықтау сияқты міндеттері бар мемлекеттік орган.

⁸³ [2002 жылғы Венеция Комиссиясының Сайлау мәселелеріндегі адал мінез-құлық кодексінің](#) П.3.3.3.f бөлімінде сайлау нәтижелеріне шағымданудағы тікелей процессуалдық құқықтық қабілетті ұсынады: «Барлық кандидаттар мен барлық сайлаушылар... шағым беруге құқылы болулары қажет. Сайлау нәтижелеріне шағымдану үшін сайлаушылармен негізделген кворум құрыла алады».

тигізеді.⁸⁴ Кейбір соттар әкімдіктерден ДИАҚБ СБМ-мен кездесуге рұқсат сұрап, басшылықтан тәуелсіздігінің жоқтығын айқындады.

Сайлау тәртіптерінің бұзылуы жайлы арыздар мемлекеттік прокуратураларға немесе соттарға өткізіле алып, олар бұл арыздарды бес күн ішінде қарастырулары қажет. Прокуратуралар сайлау заңнамаларына сәйкестікті белсенді түрде бақылап отырады.⁸⁵ Бас прокурор орынбасары сайлау күні заңсыз сайлау науқанына қатысты сайлаушыларға бірнеше бюллетень беру, сайлау жәшігіне бірнеше бюллетень тыстау, бірнеше сайлау учаскелерінде дауыс беру сияқты 19 заң бұзушылық анықталғанын мәлімдеді. Ашылған 18 әкімшілік істердің, он екісі бірнеше бюллетеньді ұстатуға қатысты болса, енді алтауы басқа адамдардың атынан дауыс беруге байланысты болды.⁸⁶ Бұған қатысты ТСК шеттетіліп, барлық қосымша бюллетеньдер жойылғаны жайлы хабарланды. Сайлау күні ОСК 11 өтініш пен шағымдар қабылдағанын хабарлағанымен, оларды қарастыру бойынша ешқандай-да бір ақпарат халыққа жария етілген жоқ. ДИАҚБ СБМ УСК мен ПСК азаматтық бақылаушылар мен сайлаушылар атынан сайлау туралы заңды бұзуға қатысты бірнеше шағымдардың түскенін байқады. Кей жағдайларда ТСК мүшелері осындай бұзушылықтарға жазылған хаттамаларға қол қоюдан бас тарқан болып көрінеді. Заңға қайшы ашықтық пен сайлау үрдісінің тұтастығына деген қоғамдық сенімді азайтып, сайлау күніне қатысты ешқандай шағымдар мен өтініштер онлайн жарияланып немесе ДИАҚБ СБМ-на ТСК мүшелерімен хабарланған жоқ.

Сайлау комиссиялары шағымдар бойынша аннотациялық журналдар жүргізіп, өз сайттарында жұртшылық танысуы үшін жариялауы қажет.

ХІІ. САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ

ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сай, Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық бақылаушыларды қамтиды. Сонымен қатар, кандидаттар мен саяси партиялардың әр қайсысы әр сайлау учаскесінде бір сенім білдірілген тұлғасының болуына құқылы. Азаматтық бақылаушылар қоғамдық бірлестіктермен және бейкоммерциялық ұйымдардың атынан ұсыныла алады. Халықаралық бақылаушылар ОСК-мен аккредиттелгенімен, азаматтық және сенім білдірілген тұлғалардың аккредитациялары бойынша ресми тәртіптер берілмеген.⁸⁷

Next.kz, «Еркіндік қанаты», Қазақстан жастар ақпарат қызметі (ҚЖАҚ) және «Эхо» азаматтық қоғамы сияқты бірқатар ұйымдар өз бақылаушыларын жіберді.⁸⁸ Сайлау алдында «Аманат» атты бақылау алаңы шамамен барлық сайлау учаскелеріне бақылаушы (9000 жуық) жіберуге

⁸⁴ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.12 тармағы мүше мемлекеттерді соттардың тәуелсіздігіне кепіл беріп, мемлекетті сот қызметінің бейтарап жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндеттейді. 1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының 19.2 тармағы мемлекеттердің сот органдарының тәуелсіздігін іс жүзінде қамтамасыз ету міндетінің маңыздылығын баса айтып, соттарға жасалған орынсыз қысымға тиым салады. Қосымша [Венеция комиссиясының соттарды тағайындау туралы баяндамасын](#) және [Венеция комиссиясының сот органдарының тәуелсіздігі бойынша Еуропа қағидаттарын](#) қараңыз.

⁸⁵ Науқан барысында прокуратура сайлауға қатысты сегіз сот ісін ашты. Оның жетеуі сайлауға қатысты сауалнама жүргізуге қатысты болды. Төрт жаңалықтар порталы (*Nur.kz*, *Kazak uni*, *Socium Kyzylorda* және *Exclusive.kz*) шамамен 180 еуро көлеміндегі айыппұлға сотталды. Үш азаматқа әлеуметтік желілердегі өз парақшаларында пост жариялағандары үшін шамамен 90 еуро көлемінде айыппұл тағылып (*Сайлау Науқанын* қараңыз), оның екеуіне жасалған шағымдар қайтарылып тасталды. Кемінде бір азамат үгіт-насихат постерлерін құртқаны үшін айыппұл алды.

⁸⁶ Нұр-Сұлтан, Алматы және Алматы облысында, сонымен қатар Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында. 19 шілдедегі жағдай бойынша, сот 20 жуық адамды әр қайсысын шамамен 150 еуро көлемінде соттады.

⁸⁷ Азаматтық бақылаушылар өздерін жіберген ұйымдардан хат алулары қажет.

⁸⁸ «Эхо» ел бойынша 170 стационарлық бақылаушы мен 62 мобильді бақылаушы жіберді. «Еркіндік қанаты» 99 *стационарлық* бақылаушы жіберді. ҚЖАҚ 82 бақылаушы жіберді. Next.kz 1256 бақылаушыны бүкіл ел бойынша және 11 бақылаушыны шетелде жіберді.

жоспарларын жариялады. ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушыларының көбі бұл бақылаушылар тобының бейтараптығына олардың саяси байланыстарына байланысты күмәндерін білдірді. 3 маусым мерзіміне қарай ОСК 1013 халықаралық бақылаушыны аккредитациядан өткізді.⁸⁹

ХІІІ. САЙЛАУ КҮНІ

Сайлау күні тиімді ұйымдастырылғанымен, дауыс беру, дауыстарды санау және жинақтау кезінде бірқатар елеулі тәртіптік бұзушылықтар, сондай-ақ сайлау нәтижелерін бұрмалау мен жалпы ашықтықтың жоқтығы сияқты жайттар орын алды. Дауыс беру барысы тыныш әрі тәртіпті түрде жүргізілгеніне қарамастан, ДИАҚБ СБМ байқауынша Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей және Шымкент қалаларында бірқатар бейбіт наразылықтар орын алып, наразылық білдірушілерді тарату немесе тұтқындау үшін полиция жағынан орынсыз шектен тыс күш қолдану орын алды. Билік өкілдерінің сайлау күнгі және одан кейінгі бейбіт митингілерге қарсы реакциясы 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.2 тармағында және 1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының 21.1 тармағында бекітілген жиналыстар бостандығы туралы негізгі қағидатқа қайшы келеді.⁹⁰ (Сайлаудан кейінгі жағдайды қараңыз).

Құқық қорғау органдары бейбіт жиналыстарды реттеуде адам құқықтарына негізделген тәсілдемелерге жүгініп, бейбіт жиналыстардың қатысушыларына қатысты шектен тыс әрі үйлесімсіз күш қолданудан бас тартулары қажет. Билік өкілдері құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалған қатыгез шараларды тиімді түрде қарастырып, оларға қатысты жеткілікті түрде ықпалшаралар қолданулары қажет.

ХСБМ Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында жүздеген адамдардың қамауға алынғаны жайлы сенімді мәлімдемелерді қабылдады. Ұсталған адамдардың қатарында тілшілер мен құқық қорғаушылар болды. Кейінірек сот отырыстары құқықтық қорғаусыз және өзге де іс жүргізу нормаларына қарсы тергеу изоляторларында өткізілді (Сайлаудан кейінгі жағдайды қараңыз).⁹¹

Сайлау күні бойы мәнді ашықтық әрқашан бола берген жоқ. Сайлау учаскелерінің бірқатарында ХСБМ бақылаушыларына сайлау барысын бақылауға кедергілер жасалып, көп жағдайда сайлаушылар тізімін тексеруге рұқсат берілмей, дауыс беру және дауыстарды санау кезінде алшақ ара-қашықтықта тұруға мәжбүр болды. Сайлау туралы заңға енгізілген соңғы өзгерістерге қарамастан, сайлау бақылаушылары әлі де дауыс беру және санау барысын, сондай-ақ жинақтау нәтижелерін бақылауға жеткілікті мүмкіндіктермен қамтамасыз етілмеген. Санау барысында бақылаушылар 26 пайыз жағдайда процедуралардың өтуін айқын көре алмай, 25 пайыз жағдайда шектеусіз бақылауға мүмкіндіктері болмады. УСК ХСБМ бақылаушыларымен дауыс беру кезінде бақылауға алынған учаскелердің 8 пайызында және

⁸⁹ ОСК ДИАҚБ, ЕҚЫҰ ПА, ТМД, ТМД ХПА, Түркітілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Исламдық ынтымақтастық ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бақылаушыларын аккредитациядан өткізді. ОСК қосымша екі-жақты 41 мемлекеттен келген 147 бақылаушыны аккредитациядан өткізді.

⁹⁰ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.2 тармағында «барлық азаматтардың бейбіт жиналыс пен митингіге құқығы бар. Бұл құқыққа тағылатын кез келген шектеулер заңды және халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс» деп берілген. 1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының 21.1 тармағы «құқық қорғау органдарының қызметкерлері қоғамдық тәртіпке шақырғанда... қоғам мүдделерінде әрекет жасап... [.] тәртіп сақтау қажетінен аспайтындей жағдайға үйлесімді болуы тиіс» деп міндеттейді.

⁹¹ ХАСҚП 9 бабы жеке бас бостандығы мен жеке бас қауіпсіздігі құқығын қорғап, бас бостандығынан айыру «заңмен бекітілген тәртіптерге сай» өтуін қамтамасыз етеді. 14 тармағы «білікті, тәуелсіз және бейтарап трибуналмен жүргізілетін (d) өзінің жеке қатысуымен, және сот алдында өзін-өзі немесе өз таңдауы бойынша құқықтық көмек арқылы қорғауға... (g) өзіне қарсы куәландыруға немесе кінәсін мойындауға мәжбүрленусіз өтетін әділ және қоғамдық отырыс» құқығын қамтиды. Қосымша 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.10, 5.16, және 5.17 тармақтарын қараңыз.

дауыстарды санау кезінде бақыланған учаскелердің 20 пайызында толыққанды бірге жұмыс істескен жоқ. Заң халықаралық бақылаушыларды УСК мен ТСК деңгейлерінде сайлау нәтижелерінің хаттамаларының расталған көшірмесін алу құқығымен қамтамасыз етпейді.⁹²

Азаматтық және халықаралық бақылаушылардың сайлау барысына, оның ішінде дауыс беру, санау және жинақтау барысында сайлау учаскелері мен жинақтау бөлмелерінде өтетін барлық тәртіптердің айқын көрінісіне қолжетімділіктерін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданылуы тиіс.

А. ДАУЫС БЕРУ МЕН САНАУ

Сайлау учаскелерінің көбі дер уақытында ашылды. Бюллетеньдерді санау мен олардың санын жариялау бойынша тәртіптер бақылаушылардың жартысына жуығында сақталған жоқ. Бақыланған учаскелердің 28 пайызы мүмкіндіктері шектелген сайлаушыларға қолжетімсіз болды.

Сайлау учаскелерінің 6 пайызында сайлау барысына теріс баға берілді. ХСБМ сайлау учаскелерінің 6 пайызында уәкілдік берілмеген тұлғалардың болуын байқады. Ел бойынша сайлау учаскелерінде болған сайлаушылар тізімінде бірнеше бірдей қолдардың болуы (бақылаушылардың 9 пайызында), жеке куәлігі жоқ тұлғалардың дауыс беруге жіберілуі (3 пайыз) және топпен дауыс беру (4 пайыз) сияқты елеулі заңды бұзушылықтар байқалды. ХСБМ 23 сайлау учаскелерінде сайлау жәшігіне көптеп бюллетень тастауды бақылап, қосымша кем дегенде 19 басқа сайлау учаскелерінен көптеп бюллетень тастау түсірілген видеолар келіп түсті. Бұл видеолардың көбі әлеуметтік желілерде де кең таралған. Сайлау учаскелерінің төрт пайызында сайлау учаскелерінің сыртында адамдар жүйелі түрде сайлауға кім келгенін жазып отырды.

ХСБМ бақылаушылары көбі сайлаушылардың сайлау учаскелерінің орташа алғанда 25 пайызында сайлаушылар тізіміне сайлау күніне енгізілгенін байқады.⁹³ Дегенмен, ОСК сәйкес, сайлаушылар тізіміндегі 20 мамырдан сайлау учаскелерінің жабылуына дейінгі сайлаушылар санының жалпы өсуі 12 369 адамды құрады (Сайлаушыларды тіркеуді қараңыз). Кей жағдайларда сайлаушылар сайлау учаскесіне жатпайтындығына қарамастан тізімге енгізілді. ХСБМ сайлау учаскелерінде болған Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ЦОН) қызметкерлері өтініш берген азаматтардың барлығына сайлау күні тіркелуге мүмкіндік беретін сұрау салу бойынша мекенжай анықтамасын басып шығарғанын көрді.⁹⁴ Бір адам бірнеше мекенжай анықтамасын сұратуға жол бермеу үшін ешқандай-да бір механизмдер берілмегені ХСБМ бақылаушыларының көздеріне түсті. УСК бақыланған сайлау учаскелерінің 12 пайызында ЕШК-лерді алып қалған жоқ немесе, ал 13 пайызында ЕШК-мен дауыс бергендер жайлы мәліметтерді тіркеген жоқ; бұл сайлаушылар тізімінің тұтастығына нұқсан келтіріп, дауыстардың теңдігіне кепілдік бермей ЕШК дұрыс қолданылуына қатысты маңызды мәселелерді көтерді.

⁹² ТСК нәтижелер хаттамаларын нәтижелерді жинақтау кезінде уәкілетті тұлғаға беру тек «Территориялық сайлау комиссияларына арналған 2019 жылдың 9 маусымында өтетін Қазақстан Республикасының кезектен тыс президенттік сайлауына дайындық пен өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықта» ғана көрсетілген.

⁹³ Бұлардың ішінде бақыланған 40 сайлау учаскесінде сайлау күні енгізілген жүзден астам сайлаушылар болды.

⁹⁴ 11.00 дейін Нұр-Сұлтан қаласындағы 138 және 139 сайлау учаскелеріндегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ХСБМ 200 және 150 мекенжай анықтамаларын бергендерін мәлімдеді. ОСК ХСБМ бақылаушыларына сайлау күні мекенжай анықтамаларын қолдану бойынша өтіп кеткеннен кейін ешқандай да тексеру өткізбейтінін хабарлады.

В. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ

ХСБМ бақылаушылары бақыланған сайлау учаскелерінің жартысынан көбінде дауыстарды санау барысын теріс бағалап, 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 тармағында міндеттелген бюллетеньдердің адал саналып тіркелуіне қатысты елеулі алаңдаушылықтарын танытты.⁹⁵ Бақылаушыларға дауыстарды санау барысын бақылауға бақыланған сайлау учаскелерінің төрттен бірінде кедергі шектеулер қойылды. ХСБМ санау барысының 11 пайызында дауыстар санының әдейі бұрмалануын, сондай-ақ сайлау жәшігіне көптеп бюллетень тасталуына 9 пайызында байқады. Елеулі тәртіптік бұзушылықтар көзге түсті. Бақылаушылардың жартысында УСК сайлаушылардың қолдарын санының негізінде берілген бюллетень саны анықталмай немесе дауыс бергендер мен қолданбаған бюллетеньдерін саны жарияланбады.

Бақыланған УСК жартысынан көбі ЕШК-мен дауыс берген сайлаушылардың санын белгілеген жоқ. Сайлау учаскелерінің үштен бір бөлігіне жуығында сайлау жәшігін ашқанға дейін қолданбаған бюллетеньдер көздері жойылған жоқ. УСК санау кезінде өте сирек жағдайда ғана дауыс берушілердің таңдауын жариялап, кей жағдайларда бюллетеньдер саналғанға дейін бөлек бумаларға дұрыс бөлінген жоқ.

Бақылаушылардың бестен бір бөлігінде үйден дауыс берген сайлаушылардың саны хаттамада тіркелмеді. Көшпелі жәшіктердегі бюллетеньдердің саны байқалған санаушылардың 81 пайызында үйден дауыс беруге берілген өтініш санынан асты, бірақ бұндай бюллетеньдер 19 пайыз жағдайда мойындалмады. Бақыланған санаушылардың жалпы санының 9 пайызында бюллетеньдердің жалпы саны дауыс бергендердің санынан көп болды. УСК жартысынан көбі хаттамаларға енгізген сандарын жарияламай, жартысына жуық жағдайларда аталмыш хаттамалар ілінген жоқ. Кейбір УСК хаттамаларды толығымен және сиямен толтырған жоқ. Бақылаушылар «бақылауға ыңғайлы жағдайда» бақылауға рұқсат берілу керек деген анық заңды ережеге қарамастан, бақылаушылар бірқатар жағдайда санау барысын анық көре алмады.

С. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАУ МЕН ЖАРИЯЛАУ

ХСБМ 232 ТСК-ның 95-де нәтижелердің өткізілуі мен жинақтау үрдісін бақылады. Нәтижелерді жинақтау бақыланған ТСК бестен бірінде негізінен маңызды болып табылатын ашықтықтың жоқтығы үшін (22 ТСК-да), сондай-ақ тоғыз ТСК-да сайлау нәтижелерін бұрмалау үшін теріс бағаланды.⁹⁶ Бұған қоса, санау хаттамаларының ТСК-да (19 жағдайда) толтырылуы және ТСК қызметкерлері тарапынан УСК төрағаларына заңсыз болып табылатын нәтижелерді өзгерту туралы бұйрықтары кірді. ХСБМ бақылаушыларына 21 ТСК-да шектеулер қойылып, көптеген ТСК-да барыстың анық көрінісін бақылай алмады. 16 ТСК ешқандай-да бір жөнді бақылау ТСК мүшелерінің тарапынан қолдау болмағандықтан мүмкін болмады. Нұр-Сұлтан қаласының ТСК-да және Түркістан және Шымкент қалаларының үш ТСК-да ХСБМ бақылаушыларына кіруге рұқсат берілген жоқ. Хаттамаларды қабылдау мен жинақтау жағдайлары 15 ТСК-да жеткіліксіз болып, кейбіреулерінде артық адамдар болды. Бірқатар УСК хаттамаларының саны бақыланған 23 ТСК-да үйлестірілген жоқ.

⁹⁵ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 тармағында «[...]мүше мемлекеттер [...] дауыстар құпия бюллетень арқылы немесе оған тең келетін еркін дауыс беру тәртібін, дауыстардың адал саналып тіркелуін және ресми нәтижелердің халыққа жария болуын қамтамасыз етеді» деп көрсетілген.

⁹⁶ Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Түркістан және Жамбыл бақыланған ТСК-ның негізінде. Сонымен қатар, Қызылорда облысындағы Жалағаш және Қызылорда ТСК-де барлық УСК хаттамаларына УСК мүшелерінің барлығының қолдары алдын-ала қойылып қойған.

УСК-ның ТСК-на хаттамаларды тасымалдауды созу сияқты тәртіптік кемшіліктер ДИАҚБ СБМ бақыланды. Кей жағдайларда бақылаушылар бір кандидатқа берілген дауыстар басқа кандидатқа жазылғанын байқады.⁹⁷ Кей жағдайларда ХСБМ бақылаушылары ТСК УСК келіп түскен хаттамалардың жинақтауын ешқандай бір айқын себепсіз және бақылаушылардың қатысуынсыз ертеңгі күнге дейін қалдырғанын мәлімдеді.⁹⁸ Заңмен анық түрде тиым салынбағанымен, аталмыш амалдар жарияланған сайлау нәтижелерінің тазалығына нұқсанын келтіріп, сайлау нәтижелерінің заңдылығына кері әсерін тигізеді.

Сайлау нәтижелерінің тазалығын қамтамасыз ету үшін, анық біркелкі ережелер мен іс жүргізу кепілдіктері жинақтау барысына негіз болуы қажет. Бұған сайлау учаскелерінің жабылуынан бастап жинақтаудың соңына дейін қоғамдық үзіліссіз отырыстар өткізілуі қажет.

Заң ОСК жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын ОСК нәтижелер хаттамаларымен қатар жариялауын талап етпейді.⁹⁹ Оған қарсы УСК мен ТСК бұндай сандарды өз хаттамаларына енгізіп толтыруға міндетті. Дегенмен, жарамсыз бюллетеньдер саны бірқатар ТСК тиянақсыз түрде жинақталғандықтан, оларда ешқандай немесе өте аз жарамсыз бюллетень тіркелді.¹⁰⁰ ОСК УСК бойынша бөлінген нәтижелерді шығармай, осылайша маңызды болып табылатын транспаренттілік кепілдігінен аттап өтіп, халықтың сеніміне нұқсан келтірді. Сайлаушылардың қатысуы 77.5 пайыз деп хабарланды.

ОСК қорытынды нәтижелер хаттамасы толтырылмаған, жарамсыз және бұзылған бюллетеньдер санын және сайлау күні сайлаушылар тізіміне енгізілген сайлаушылардың санын қамтуы қажет.

Сайлау нәтижелерінің тазалығының кепілдігі мен транспаренттілігін қамтамасыз ету үшін ОСК өз сайтында әрбір сайлау учаскесі бойынша бөлінген әрбір территориялық бірлікке тиесілі УСК хаттамаларын жариялауы қажет.

XIV. САЙЛАУДАН KEЙІНГІ ЖАҒДАЙ

Сайлау күні болған бейбіт наразылықтар кезінде орын алған көптеген қамауға алулардан кейін ДИАҚБ СБМ бақылаушылары тездетілген қоғам мен бақылаушыларға жабық сот отырыстары тергеу изоляторларында өткізілгенін байқады. Тергеу изоляторларында болған ДИАҚБ СБМ бақылаушыларына босатылған адамдардан және олардың қорғаушыларынан аталмыш сот отырыстары дәлелдемелерді зерттеусіз немесе жөнді құқықтық қорғауға мүмкіндіксіз және сот

⁹⁷ Алматы қаласының 562 сайлау учаскесінде УСК нәтижелері Ә.Қосанов пен Қ.Тоқаев әр қайсысы 812 және 934 дауыстан жиналғанын көрсетсе, ТСК нәтижелерді жинақтау түйіндемесінде 176 және 1143 дауыс деп көрсетілген. Ақмола облысының 8 сайлау учаскесінде УСК хаттамасында Қ.Тоқаев үшін 389 дауыс көрсетілсе, ТСК жинақтау түйіндемесінде 421 деп көрсетілген (32-ге артық). ОСК-ға ТСК-мен берілген ақпарат бойынша УСК деңгейлерінде бір де бір қайта санау жайттары болған жоқ.

⁹⁸ Мысалы, Ақтау, Атырау, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Зарма және Жамбыл.

⁹⁹ Толық толтырылмаған (бос) бюллетеньдер басқа жарамсыз бюллетеньдермен бірге саналып, жарамсыз деп танылады.

¹⁰⁰ Барлығы 53 ТСК нәтижелері хаттамаларында жарамсыз немесе толтырылмаған бюллетеньдер санының үлесі 0.01 пайыз болды. Әсіресе Байзақ, Глубоковский, Жарминский, Хромтау, Алгинский райондық ТСК (54000, 38000, 26000, 25000 және 30000 сайлаушылар әрқайсысында дауыс берді), әрқайсысы бір де бір жарамсыз бюллетень тіркеген жоқ. Семей қаласының ТСК 172 543 сайлаушылардың арасынан бір де бір жарамсыз бюллетень болмағанын тіркеді. Меркен ауданы ТСК 53000 сайлаушыға бір де бір жарамсыз бюллетень болмағанын тіркеді.

отырыстары басқа да іс жүргізу тәртіптеріне қайшы өткені жайлы хабарланды.¹⁰¹ ДИАҚБ СБМ көрген сот шешімдері негізінен полиция қызметкерлерінің түсініктемелеріне негізделіп, негізгі кінә тек митингілерде болған үшін шығарылған. Тағылған ықпалшаралар айыппұлдар мен рұқсат етілмеген митингілерді ұйымдастырып, қатысқаны үшін 15 күнге дейін әкімшілік бас бостандығынан айырулардан түрді.¹⁰² Шағымдар бойынша сот отырыстары жай рәсімділік болып, көп жағдайда орташа 15 минут қана созылды.¹⁰³ Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында қамауға алулар мен бас бостандығынан айырулар 12 маусымға дейін жалғасты.¹⁰⁴ ОСК 10 маусымда алдын ала нәтижелерді мерзімінен бұрын, ТСК-нан жинақталған нәтижелерді алу мерзімі біткенге дейін бір күн бұрын шығарды.¹⁰⁵ 12 маусым күні ОСК президент қызметін атқарушы Қ.Тоқаевты дауыстардың 70.76 пайызымен сайлау жеңімпазы ретінде жариялады. Президент инаугурациясы 12 маусымда сайлау нәтижелерінің шынайылығына күмән келтіруге мүмкіндігі болған сайлау нәтижелеріне Конституциялық сотта шағымдануға және кандидаттардың науқан қаржыландыруларының есептерін тексеруге мерзімнің бітуіне дейін өткізілді.

Сайлау нәтижелерін жариялау уақыты ОСК ресми түрде жеңімпазды жариялағанға дейін барлық шағымдануға құқықтық мүмкіндіктердің таусылғанын қамтамасыз етуі қажет.

XV. ҰСЫНЫСТАР

Бұл баяндамадағы ұсыныстар Қазақстанда сайлауды өткізуді жетілдіріп, оларды демократиялық сайлауларды өткізудегі ЕҚЫҰ міндеттемелері мен өзге де халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға толығымен сәйкестендіру мақсатымен берілген. Бұл ұсыныстар әлі құлақ асылмаған ДИАҚБ алдыңғы ұсыныстарымен бірге қарастырылуы қажет.¹⁰⁶

A. БАСЫМ ҰСЫНЫСТАР

1. Конституциямен кепілдендірілген негізгі құқықтар мен бостандықтарға заңнамада қойылған шектеулер алынып тасталуы қажет. Заңдағы аталмыш шектеулердің аса кең анықталуы құқықтық айқындықты қамтамасыз етіп, заңның негізсіз қолдануын болдырмау

¹⁰¹ ХАСҚП 9 бабы жеке бас бостандығы мен жеке бас қауіпсіздігі құқығын қорғап, бас бостандығынан айыру «заңмен бекітілген тәртіптерге сай» өтуін қамтамасыз етеді. 14 тармағы «білікті, тәуелсіз және бейтарап трибуналмен жүргізілетін (d) өзінің жеке қатысуымен, және сот алдында өзін-өзі немесе өз таңдауы бойынша құқықтық көмек арқылы қорғауға... (g) өзіне қарсы куәландыруға немесе кінәсін мойындауға мәжбүрленусіз өтетін әділ және қоғамдық отырыс» құқығын қамтиды. Қосымша 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.10, 5.16, және 5.17 тармақтарын қараңыз.

¹⁰² Бұл сот шешімдері жария болмағанымен, ДИАҚБ СБМ бақылаушылары қоғамға ашық алдында шығарылған сот шешімдеріне шағымдар бойынша сот отырыстарына қатысты.

¹⁰³ Кей жағдайларда қорғаушылардың өз клиенттерін тиімді түрде қорғауға мүмкіндіктері көптеген сот отырыстары бір уақытта өткендіктен шектелді. Жағдайлардың көбінде шағымдар бойынша шешімдер прокурорлардың талаптарын қанағаттандырды.

¹⁰⁴ Маусымның 17 күні бірнеше азаматтар 290 еуроға дейін қоғамдық митингілерді ұйымдастыруға шақырғандары үшін айыппұл алды.

¹⁰⁵ 10 маусым күні болған отырыстан кейін шыққан ОСК [пресс-релизінде](#) «[Сайлау туралы заңның] 65 бабына сай Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының президенті болып сайланған болып саналады.

¹⁰⁶ [1990 жылғы ЕҚЫҰ Ыстамбұл құжатының](#) 25 тармағына сай, ЕҚЫҰ мүше мемлекеттері өздеріне «ДИАҚБ сайлау бағалауы мен ұсыныстарын алғаннан кейін кідірмей шараларды қабылдауды» міндетін алды. Алдыңғы ұсыныстар бойынша шараларды іске асырылғандығы ДИАҚБ СБМ келесі түрде бағаланды: 2016 жылғы қорытынды баяндаманың 12 ұсыныстың және 2015 жылғы 11 ұсыныстың орындалуын қарастырады. 2016 жылғы қорытынды баяндаманың 1, 3, 4, 7, 8 және 20 ұсыныстарын, сонымен қатар 2015 жылғы қорытынды баяндаманың 7, 12, 14, 18, 25 және 32 ұсыныстары ішінара орындалуын қарайды. Қосымша www.paragraph25.odhr.pl қараңыз.

үшін азайуы қажет. Құқықтардың кез келген шектелуі сот үдерісінің нәтижесінде және көздеген мақсатына үйлесімді болуы тиіс.

2. Сайлау әкімшілігінің дербестігі мен бейтараптығын күшейту үшін Сайлау туралы заңға барлық деңгейлердегі сайлау комиссияларында саяси партиялардың кедергісіз және кеңінен қатысуын қамтамасыз ететіндей болып өзгерістер енгізілуі тиіс. Сайлау комиссиясында әр партиядан бір ғана мүше болу қағидаты сақталып, УСК мен ТСК-дегі басқарушы орындардың бөлінуі қайта қарастырылуы қажет.
3. Бас бостандығынан айырылған азаматтарды жалпы сайлау құқықтарынан айыруға қойылған шектеулер мен жасалған қылмыстың ауырлық деңгейіне үйлесімді болатындай қайта қарастырылуы қажет. Жалпыға бірдей сайлау құқығын қамтамасыз ету үшін мүгедектігі бар адамдарды сайлау құқынан айыру ережелері жойылуы қажет.
4. Сайлаушыларды тіркеу тазалығын сақтау үшін сайлау учаскелерінде сайлау күні сайлаушыларды тіркеуге рұқсат берілмеуі қажет. Бірнеше дауыс беруге жол бермеу үшін арнайы сайлау учаскелерінде тіркелген сайлаушылар өздерінің тұрғылықты мекенжайларына тиесілі учаскелердегі тізімдерден шығарылып, ЕШК беру негізделген болып, сайлаудан кейін есепке жату керек.
5. Ел аумағында тұру, тілі және кәсіби тәжірибесі сияқты сайлауға ұсынылу талаптары және қылмыстық жазасы барлардың сайлауға ұсынылуға құқығының шектелуі қылмыстың ауырлығына үйлесімді екенін қамтамасыз ететіндей қайта қарастыру орын алуы қажет.
6. Бейбіт жиналыстар туралы заң қоғамдық жиналыстарды өткізу үшін қазіргі уақыттағыдай биліктің рұқсатын алудың орнына, қарапайым ескертумен шектелетіндей етіп өзгертілуі қажет.
7. Биліктегілер мемлекет пен партия арасындағы шекараның анық болуын қамтамасыз ететін кепілдіктерді дамытып, сайлау алды науқаны қорқыту мен есесін алу қорқынышынан бос жағдайда өтуін қамтамасыз етулері тиіс. Биліктегілер мен саяси партиялар мемлекеттік қызметкерлерді, студенттерді және өзгелерді науқан шараларына қатысуға мәжбүрлеуді тоқтатулары қажет.
8. Қылмыстық диффамация, жәбірлеу және жалған ақпарат таратуға қатысты заңдар азаматтық санкциялар жағына қарай, шағым берушіге өтемақы беріп немесе қорғалушыны жазалаудың орнына, зақым келтірілген абыройды қалпына келтіру үшін өзгертілуі қажет. Ықпалшаралар қатаң түрде жасалған зақымға үйлесімді болуы қадағаланып, материалды емес өтемақы түрін қолдану басым болуы қажет.
9. Сайлау туралы заң сайлауға үміткерлер мен сайлаушыларға тікелей сот алдында сайлау нәтижелеріне шағымдануға мүмкіндік беретіндей етіп өзгертілуі тиіс. Заң сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тану үшін анық жағдайларды бекітуі қажет.
10. Сайлау нәтижелерінің тазалығының кепілдігі мен транспаренттілігін қамтамасыз ету үшін ОСК өз сайтында әрбір сайлау учаскесі бойынша бөлінген әрбір территориялық бірлікке тиесілі УСК хаттамаларын жариялауы қажет.
11. Сайлау нәтижелерін жариялау уақыты ОСК ресми түрде жеңімпазды жариялағанға дейін барлық шағымдануға құқықтық мүмкіндіктердің таусылғанын қамтамасыз етуі қажет.

В. БАСҚА ҰСЫНЫСТАР

Жалпы мағлұмат және саяси мәнмәтін

12. Сайлау алды саяси плюрализмді жетілдіру және саяси партиялардың тіркелуіне ыңғай тудыру үшін саяси партияларды тіркеу үшін мүшелік талаптар Саяси партиялар туралы заңда қайта қарастырылуы тиіс.

Құқықтық база мен сайлау жүйесі

13. Барлық мүдделі жақтардың қатысуымен ашық ақыл-кеңес барысында атап өтілген кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді ескеріп, қадағалау үшін сайлауға қатысты құқықтық базаның жан-жақты қарастырылуы өтуге тиіс. ОСК ережелері төменгі деңгейдегі комиссиялар тәртіптерді тиянақты түрде өтуін қамтамасыз ету үшін құқықтық базаны жеткілікті түрде толықтыруы тиіс.

Сайлау әкімшілігі

14. Транспаренттілік пен есеп беруге міндеттілікті нығайту үшін ОСК онлайн және қолайлы форматта сайлауға қатысты барлық ақпаратты топтастырылған және түйіндеме түрінде жариялауы қажет.

Сайлаушыларды тіркеу

15. Сайлаушылардың тізімін құрастыру жүйесі сайлаушыларды тұрақты электронды тіркеу бір мекемемен орындалып қадағалануы арқылы одан ары жетілдіріле алады. Тізімдерді құрып өзгертудегі толық және біркелкі тәртіптер болып жүйелі түрде қолданылып тұруы қажет.

Кандидаттарды тіркеу

16. Дербес үміткерлер президенттік сайлауға ұсынылуға құқылы болулары қажет.

17. Құқықтық база кандидаттарды тіркеудегі, оның ішінде қолдаушылардың қолдарын растау тәртіптеріне, және сақталған жағдайда, тіл емтиханына қатысты анық, негізделген және себепті критерийлерді орнатындай етіп өзгерілуі тиіс. Кепілдік шартының бір ғана түрін қалдыру мүмкіндігі қарастырылса болады.

Сайлау алды науқаны

18. Саяси партиялар шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде әйелдердің саяси көтерілуіне үлестерін қосып, гендерлік мәселелерді өз платформаларына енгізулері қажет.

Сайлау алды науқанын қаржыландыру

19. Заң науқан қаражаты бойынша, оның ішінде мемлекеттік қордан алынған қаржы бойынша, есеп беру мен аудитке қатысты анық тәртіптер мен ережелерді қамтуы тиіс. Сайлау күніне дейін кандидаттардың аралық қаржылық есептемелерінің өткізілуі мен жария етілуі есеп беруге міндеттілікті қамтамасыз ету үшін міндеттелуі тиіс. Қаржылық ашықтықты нығайту үшін заң толық қаржылық есептемелердің уақытылы өткізіліп жариялануын талап ету қажет.

20. Құқықтық сенімділікті қамтамасыз ету үшін сайлау науқанын қаржыландыруына қатысты ықпалшаралардың түрлі заңдарда берілгендей қолданылуы және оларды жүргізетін билік айқындалуы тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары

21. БАҚ өздерінің редакторлық саясатын енгізуге құқылы болулары қажет. Мемлекет басшылары сайлау кезінде және сайлау арасында БАҚ мен тілшілердің әрекеттеріне қол сұғудан бас тартулары қажет. Қоғам алдында есепті тәуелсіз БАҚ құру мақсатында, мемлекет иеленген арналарды қоғамдық арналарға айналдыруды қарастыруға болар еді.

22. Сайттар мен өзге де интернеттегі дереккөздеріне қойылған шектеулер сот шешімімен ғана жүргізілуі қажет. Кез келген ұсынылған шектеулер, сондай-ақ шешімдер мен бұғатталған сайттардың толық тізімі қоғам алдында жария болуы қажет.

23. Медиа мониторингін жүргізуге мүдделі тәуелсіз медиа бақылау органын құруды ойластыруға болар еді. Осындай мониторингтердің әдістемесі мен қорытындылары көпшілікке қол жетімді болуы қажет.

24. БАҚ президент қызметін атқарушы және басқа билік басшылары жайлы ақпаратты теңдестірілген түрде хабарлауға міндеттелуі қажет. Сайлау туралы пайымдау форматы мен ақылы сайлауға қатысты материал бойынша шешімдер толығымен тек БАҚ редакторлық саясатына тәуелді болуы тиіс.

Наразылықтар мен шағымдар

25. Құқықтық сенімділікті қамтамасыз ету үшін заңнаманы бір-біріне қайшы заңдардың болу мүмкіндігіне жол бермеу үшін өзгертіп, және дауларды шешу үрдісін жеңілдету үшін тиісті құзыреттерді бір органға ғана беру қажет.

26. Сайлауға қатысты дауларды реттеу барысының ашықтылығын және барлық мүдделі жақтарға тиімді құқықтық қорғаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, заң барлық дау-дамайға қатысты өтініштер ресми шағым ретінде қарастырылуын, барлық шағымдар ашық отырыстар барысында қаралуын, және шешімдер негізделген болып, халыққа уақытылы түрде жариялануын міндеттеуі қажет.

27. Сайлау комиссиялары шағымдар бойынша аннотациялық журналдар жүргізіп, өз сайттарында жұртшылық танысуы үшін жариялауы қажет.

Сайлау күні

28. Құқық қорғау органдары бейбіт жиналыстарды реттеуде адам құқықтарына негізделген тәсілдемелерге жүгініп, бейбіт жиналыстардың қатысушыларына қатысты шектен тыс әрі үйлесіміз күш қолданудан бас тартулары қажет. Билік өкілдері құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалған қатыгез шараларды тиімді түрде қарастырып, оларға қатысты жеткілікті түрде ықпалшаралар қолданулары қажет.

29. Азаматтық және халықаралық бақылаушылардың сайлау барысына, оның ішінде дауыс беру, санау және жинақтау барысында сайлау учаскелері мен жинақтау бөлмелерінде өтетін барлық тәртіптердің айқын көрінісіне қолжетімділіктерін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданылуы тиіс.

30. Сайлау нәтижелерінің тазалығын қамтамасыз ету үшін, анық біркелкі ережелер мен іс жүргізу кепілдіктері жинақтау барысына негіз болуы қажет. Бұған сайлау учаскелерінің жабылуынан бастап жинақтаудың соңына дейін қоғамдық үзіліссіз отырыстар өткізілуі қажет.
31. ОСК қорытынды нәтижелер хаттамасы толтырылмаған, жарамсыз және бұзылған бюллетеньдер санын және сайлау күні сайлаушылар тізіміне енгізілген сайлаушылардың санын қамтуы қажет.

ҚОСЫМША I: САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ¹⁰⁷

Тіркелген сайлаушылар	11,960,364
Дауыс бергендер	9,274,110
Тасымалды дауыс беру	105,682
ЕШК дауыс беру	22,502
Сайлаушылардың қатысуы	77.5%

Кандидат	Дауыс саны	Пайызы
Жамбыл Ахметбеков	167,649	1.82
Дания Еспаева	465,714	5.05
Әміржан Қосанов	1,495,401	16.23
Төлеутай Рахимбеков	280,451	3.04
Амангелді Таспихов	182,898	1.98
Қасым-Жомарт Тоқаев	6,539,715	70.96
Сәдібек Түгел	84,582	0.92

ҚОСЫМША II: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫНЫҢ БАҚЫЛАУШЫЛАР ТІЗІМІ

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы

Георг	ТЦЕРЕТЕЛИ	Грузия	Арнайы үйлестіруші
Маргарета	КИНЕР НЕЛЛЕН	Швейцария	Делегация басшысы
Ани	САМСОНЯН	Армения	Парламент мүшесі
Роман	ХАЙДЕР	Австрия	Парламент мүшесі
Рейнолд	ЛОПАТКА	Австрия	Парламент мүшесі
Максимилиан	УНТЕРРАЙНЕР	Австрия	Парламент мүшесі
Тахир	МИРКИШЛИ	Әзірбайжан	Парламент мүшесі
Павел	ПЛЬЗАК	Чехия Республикасы	Парламент мүшесі
Кристоф	НОЙМАН	Германия	Парламент мүшесі
Пауль	ПОДОЛАЙ	Германия	Парламент мүшесі
Андреас	ШВАРЦ	Германия	Парламент мүшесі
Золт	СЕНГЕР-ЗОЛАН	Мажарстан	Парламент мүшесі
Луиджи	АВГУССОРИ	Италия	Парламент мүшесі
Алекс	БАЗЗАРО	Италия	Парламент мүшесі
Жанлюка	КАСТАЛЬДИ	Италия	Парламент мүшесі
Мауро	ДЕЛЬ БАРБА	Италия	Парламент мүшесі
Жанлюка	ФЕРРАРА	Италия	Парламент мүшесі
Эмануель	СКАГЛИУЗИ	Италия	Парламент мүшесі
Вито	ВАТТУОНЕ	Италия	Парламент мүшесі
Инес	ИКСТЕНА	Латвия	Парламент мүшесі
Густав	ГРААС	Люксембург	Парламент мүшесі
Джозе	ЛОРШЕ	Люксембург	Парламент мүшесі
Зиверт	БЬОРНСТАД	Норвегия	Парламент мүшесі
Сив	МОСЛЕТ	Норвегия	Парламент мүшесі
Барбара	БАРТУШ	Польша	Парламент мүшесі
Грзегорж	ФУРГ	Польша	Парламент мүшесі
Мирослав	СУХОН	Польша	Парламент мүшесі
Яцек	ВЛЬОСОВИЦ	Польша	Парламент мүшесі
Мигель	САНТОС	Португалия	Парламент мүшесі
Виктор-Пауль	ДОБРЕ	Румыния	Парламент мүшесі
Петру	МОВИЛА	Румыния	Парламент мүшесі
Артем	ТУРОВ	Ресей Федерациясы	Парламент мүшесі
Любошь	БЛАХА	Словакия	Парламент мүшесі
Йохан	БЮЗЕР	Швеция	Парламент мүшесі
Маргарета	СЕДЕРФЕЛЬД	Швеция	Парламент мүшесі
Ясенко	ОМАНОВИЧ	Швеция	Парламент мүшесі
Свен-Олов	ЗАЛЬСТРОМ	Швеция	Парламент мүшесі
Линда	ВЕСТЕРЛУНД СНЕКЕР	Швеция	Парламент мүшесі
Мемет Саит	КИРАЗОГЛУ	Түркия	Парламент мүшесі

Ройстон	СМИТ	Біріккен Корольдік	Парламент мүшесі
Джон	УИТТИНГДЭЙЛ	Біріккен Корольдік	Парламент мүшесі
Алишер	КАДИРОВ	Өзбекстан	Парламент мүшесі
Лукас	МУССИ	Австрия	Делегация қызметкері
Сильвия	АНДРИСОВА	Чехия Республикасы	Делегация қызметкері
Фарима	ДАФТАРИ	Франция	ЕҚЫҰ ПА Секретариаты
Ирина	САБАЩЮК	Украина	ЕҚЫҰ ПА Секретариаты
Димитри	ТОДОРИЧ	Сербия	ЕҚЫҰ ПА Секретариаты
Анна	ДИ ДОМЕНИКО	Италия	ЕҚЫҰ ПА Секретариаты
Стефани	КОЛЧАНОВ	Франция	ЕҚЫҰ ПА Секретариаты

ДИАҚБ СБМ Қысқа мерзімді бақылаушылары

Андон	КУМЕ	Албания
Брунилда	ПЕЦИ	Албания
Нарине	МОВСЕСЯН	Армения
Ани	МНАЦАКАНЯН	Армения
Джиллиан	КОЛЛИНЗ	Аустралия
Гудрун	МОЗЛЕР-ТОРНСТРОМ	Аустрия
Ян	ТОМЕСЕК	Аустрия
Петер	ШТОРЕР	Аустрия
Софи	БУССЙЭГЕР	Аустрия
Тереза	БАУМАН	Аустрия
Анар	АКБАРОВ	Әзірбайжан
Мариям	МАДЖИДОВА	Әзірбайжан
Анар	ПИРИЕВ	Әзірбайжан
Ағажавид	РАМАЗАНОВ	Әзірбайжан
Муса	ДЖАФАРОВ	Әзірбайжан
Елнур	НУРИЕВ	Әзірбайжан
Айнур	САБИТОВА	Әзірбайжан
Илкар	НУРИ	Әзірбайжан
Сона	АЛИЕВА	Әзірбайжан
Айдан	ФАРАДЖОВА	Әзірбайжан
Лала	ЧАЛАБИЗАДА	Әзірбайжан
Тамерлан	ХАЗАНСАДЕ	Әзірбайжан
Фахраддин	ХАСА-ЗАДА	Әзірбайжан
Гадир	ХАЛИЛОВ	Әзірбайжан
Турал	ШИРИН	Әзірбайжан
Рамин	ХАБИБЗАДЕ	Әзірбайжан
Рашид	ЮСЫФБАЙЛЫ	Әзірбайжан
Нушаба	МАММОДОВА	Әзірбайжан
Бабак	АҒАЕВ	Әзірбайжан
Немат	ХУДУЗАДЕ	Әзірбайжан
Рамин	НУРАЛИЕВ	Әзірбайжан
Васиф	АМИРАСЛАНОВ	Әзірбайжан
Мир камал	АЛИ-ЗАДЕ	Әзірбайжан
Теймур	МАЛИК-АСЛАНОВ	Әзірбайжан

Сергей	ЖАРТУН	Беларусь
Максим	САПСАЙ	Беларусь
Оскар	ЯНССЕНС ДИ БИСТХОВЕН	Бельгия
Петер	ВАН ЛОО	Бельгия
Михал	ЧЕРНЫ	Чехия Республикасы
Зора	ГОНЧАРОВ	Чехия Республикасы
Якуб	ЛЕВАНДОВСКИ	Чехия Республикасы
Ян	ФАЛТУС	Чехия Республикасы
Метте	СЕЛХАУ	Дания
Ингрид	ПОУЛСЕН	Дания
Ларс	ХОЛЛЕНДЕР	Дания
Петер	БРАСХОЛТ	Дания
Инге	КРИСТЕНСЕН	Дания
Микаэль	ПОУЛСЕН	Дания
Финн	НИЛСЕН	Дания
Хенрик	ВИТРАП	Дания
Аня	СИЛЯК	Дания
Сулей	ЛААНЕ	Эстония
Паула	МИНКИНЕН	Финляндия
Кайса	СТАНДИШ	Финляндия
Раули	ЛЕПИСТО	Финляндия
Ноора	СИМОЛА	Финляндия
Пьер-Ив	МАЛЛЕТ-ПЕРЬЕ	Франция
Джули	ЖОРЕ	Франция
Бенедикт	КОНТАМИН	Франция
Реми	ПЕЛЛЕРИН	Франция
Бенуа	БОЮССО	Франция
Фолькер	Др.ВАЙЕЛЬ	Германия
Том	ХОЙЕМ	Германия
Рихард	ЦВЕЙГ	Германия
Хеннинг	ХОРСТМАЙЕР	Германия
Ирис Корделлиа	РОТЦОЛ	Германия
Бернд	ЛЕБЕР	Германия
Мартин Карл-Йозеф	ХОРТИГ	Германия
Томас	ФРОЛИХ	Германия
Джанин	НАНСЕН	Германия
Курт	ХИРШЛЕР	Германия
Кристоф	ЛАУГ	Германия
Матиас	НОЙКИРХЕН	Германия
Дирк	ХЕЛЬМЕКЕН	Германия
Ульрике	БИКЕЛЬ	Германия
Юрген	КЛИМКЕ	Германия
Юдит	АБДЕЛЬ-МАССИХ-ТИМАН	Германия
Рут Моника	ЛИНДЕН	Германия
Кристиан	ШВАРЦ	Германия
Кристоф	ВАЙТ	Германия
Янина	МАРКЕВИЧ	Германия
Тимур	ЧЕТИН	Германия
Франк	ФИШЕР	Германия
Андреас	КУХЕР	Германия
Ханс	ДОЕНЕ	Германия
Райнеп	КЛЕФФЕЛЬ	Германия
Йозеф	ЛЕЛЯЙТЕР	Германия
Мартин	ОЛСЕН	Германия
Моника	ЛЕНХАРД	Германия

Экарт	РОХДЕ	Германия
Бенъямин	СМАЛЕ	Германия
Арно	ХУБНЕР	Германия
Клеменз	ЮРГЕНМАЙЕР	Германия
Микаел	ЙЕЛОНЕК	Германия
Анке	СМОЛЛИХ	Германия
Гюнтер	ЛАНГ-ЛЕНДОРФ	Германия
Маркус	ФОГЕЛЬ	Германия
Райнхард	ХЕССЕ(Германия
Микаел	ВАЛЕН	Германия
Геза	КАРРЕНБРОК	Германия
Эмилия	КАРКАБАССИ	Германия
Кристина	КАТОНА	Мажарстан
Иван	КОВАЧ	Мажарстан
Гиллиан	АЙВОРИ	Ирландия
Эдриен	БОЙЛ	Ирландия
Кэтал	КЕЛЛИ	Ирландия
Ханна	МакКАРТИ	Ирландия
Елена	СЕКОНДО	Италия
Даниель	ПЕДРЕТТИ	Италия
Сильвия	ПИЕТРОПАОЛО	Италия
Рокко Джованни	ДИБИАСЕ	Италия
Илария	ФАЧЧИН	Италия
Рената	ТАРДИОЛИ	Италия
Карло Джузеппе	ИМАРИСИО	Италия
Хироуми	ШИМАСИ	Жапония
Арата	ДЕГУЧИ	Жапония
Жин Донг	КИМ	Корея
Су Геун	ДЖИ	Корея
Қайрат	ОСМОНАЛИЕВ	Қырғыз Республикасы
Бектур	ОСМОНБАЕВ	Қырғыз Республикасы
Паульс	ГАИЛИТИС	Латвия
Инга	ДЖИЛИТ	Литва
Роландас	АГИНТАС	Литва
Аполония	ФЕРШУР	Нидерланды
Лодевик	ВАН БАННИНГ	Нидерланды
Денис	ВАН ДЕР ЛААН	Нидерланды
Петер	ДЕ ХААН	Нидерланды
Виллем	КОРТАЛЬС АЛЛЕН	Нидерланды
Ане Айда	УТНЕ	Норвегия
Янне	ХАРАЛЬДСЕН	Норвегия
Эдрид	РОЕЙНЕ	Норвегия
Гуннар	БАУШТАД	Норвегия
Ева Тамара	ЛУКАШИК	Польша
Елена	КОПЕРСКА-СТЕПАНЮК	Польша
Марек	ЦИОЛКОВСКИ	Польша
Магдалена	ПОЛАК-ЗОЛАДКИЕВИЧ	Польша
Ян	БРОДОВСКИ	Польша
Марчин	ПОПЛАВСКИ	Польша
Кристов	БАРТЦАК	Польша
Ханна	ЗОБЕЛ	Польша
Барбара	МРОВКА-ЯСЕЦКА	Польша
Анна	ЗАМЕЙЦ	Польша
Аркадиуш	ЛЕГИЕЦ	Польша
Барломей	КОКОШКА	Польша

Роберт-Константин	КАРАПАНТЦЕА	Румыния
Оана-Адриана	ЯКОБ	Румыния
Константин	ГУЗ	Ресей Федерациясы
Вероника	ШМЕЛЕВА	Ресей Федерациясы
Сергей	АННЕНКОВ	Ресей Федерациясы
Алексей	МАРКОВ	Ресей Федерациясы
Илья	ЧЕРНЫШЕВ	Ресей Федерациясы
Анна	ЛИСЕНИНА	Ресей Федерациясы
Энвер	АХМЕДОВ	Ресей Федерациясы
Валерий	ШАГЕЕВ	Ресей Федерациясы
Петр	ВОЛОКОВЫХ	Ресей Федерациясы
Станислав	ЛАГУТИН	Ресей Федерациясы
Ариф	ГАДЖИЕВ	Ресей Федерациясы
Сергей	БАБУРКИН	Ресей Федерациясы
Дмитрий	БАГДУЛИН	Ресей Федерациясы
Диана	АЙНЕТДИНОВА	Ресей Федерациясы
Иван	ПЕРЕВЕРТОВ	Ресей Федерациясы
Олег	ИЛЬЯШЕВ	Ресей Федерациясы
Константин	ЕМЕЛИН	Ресей Федерациясы
Андрей	БОРОДИН	Ресей Федерациясы
Анна	ПЕРЕЛЕТОВА	Ресей Федерациясы
Александр	ИГНАТОВ	Ресей Федерациясы
Камиля	ДЖАББАРОВА	Ресей Федерациясы
Алексей	ПОГОНИН	Ресей Федерациясы
Святослав	ТЕРЕНТЬЕВ	Ресей Федерациясы
Булат	МУБАРАКШИН	Ресей Федерациясы
Амир	БИЛИАЛИТДИНОВ	Ресей Федерациясы
Евгений	ЛОГИНОВ	Ресей Федерациясы
Наталья	ШМЕЛЕВА	Ресей Федерациясы
Василий	КОРХМАР	Ресей Федерациясы
Александр	ТАРНАВСКИЙ	Ресей Федерациясы
Андрей	МОЛОЧКОВ	Ресей Федерациясы
Екатерина	ГРИГОРЬЕВА	Ресей Федерациясы
Кристина	БОГДАНОВА	Ресей Федерациясы
Борис	ДЪЯКОНОВ	Ресей Федерациясы
Алексей	СТЕПАНОВ	Ресей Федерациясы
Анна	ЖУРОВИЧ	Ресей Федерациясы
Марина	ШОЛКОВА	Ресей Федерациясы
Руслан	ГОЛУБОВСКИЙ	Ресей Федерациясы
Александр	РОГОВ	Ресей Федерациясы
Владимир	ПОНОМАРЕВ	Ресей Федерациясы
Камиль	МАГОМЕДОВ	Ресей Федерациясы
Анна	ГОЖИНА	Ресей Федерациясы
Елена	БАЛАНДИНА	Ресей Федерациясы
Андрей	ОСТВАЛЬД	Ресей Федерациясы
Петр	ЯХМЕНЕВ	Ресей Федерациясы
Карина	БАГИЕВА	Ресей Федерациясы
Нина	МАЧАКОВА	Словакия
Ондрей	ГАРАЙ	Словакия
Ребека	ПАЛМЕР	Швеция
Фрида	АНДЕРССОН	Швеция
Ева	ЯКОБСОН	Швеция
Бьорн	ТЕДЕМАН	Швеция
Виктор	РОХАС КАМАРГО	Швеция
Бьорн Ерик	ЛУНДКВИСТ	Швеция

Ола	СЕНЕСТАМ ЛАРССОН	Швеция
Мартин	ДАМАРИ	Швейцария
Валери	НАДРАЙ	Швейцария
Даниель	Д'ЕСПОСИТО	Швейцария
Марио	БАРФУС	Швейцария
Ахмет	СЕН	Түркия
Хатиче нур	ШАГМАН	Түркия
Хюсейн Лазип	ДИРИОЗ	Түркия
Алтай	АЛПЕР	Түркия
Мария	ДЕВИС	Біріккен Корольдік
Эбигейл	КЕМП	Біріккен Корольдік
Карен	ВЫКУРШ	Біріккен Корольдік
Мелани	ЛЕЗЕРС	Біріккен Корольдік
Джозев	УОРРАЛ	Біріккен Корольдік
Александр	АНДЕРСОН	Біріккен Корольдік
Мэри	БРУКСБАНК	Біріккен Корольдік
Алида	МЕЛАНКОН	Біріккен Корольдік
Миклош	СОЛИОМ	Құрама Штаттар
Ли	БАУЕР	Құрама Штаттар
Майкл	МАРТИН	Құрама Штаттар
Себастиен	ПАЙРУС	Құрама Штаттар
Линдон	АЛИИН П	Құрама Штаттар
Джиа	РОУЛИ	Құрама Штаттар
Стивен	ФОРД	Құрама Штаттар
Дебора	АЛЕКСАНДР	Құрама Штаттар
Дэниел	КЛИНГЕНБЕР	Құрама Штаттар
Мэри	БЛУСТОКИНГ	Құрама Штаттар
Роберт	АЙРИШ	Құрама Штаттар
Джон	УИНТЕР	Құрама Штаттар
Джули	ГАЛБРЭЙТ	Құрама Штаттар
Тереза	ЛЬЮИС	Құрама Штаттар
Нассер	ИШАК	Құрама Штаттар
Энн	ПЕСКО	Құрама Штаттар
Глория	ФАНЧН	Құрама Штаттар
Чарльз	МЕЛАНКОН	Құрама Штаттар
Нина Луиз	ФРАНКЛ	Құрама Штаттар
Азита	РАНДЖБАР	Құрама Штаттар
Мэтью	КАХИЛ	Құрама Штаттар
Джереми	ПАЙН	Құрама Штаттар
Глигор	ТАШКОВИЧ	Құрама Штаттар
Шерри	МЁРФИ	Құрама Штаттар
Набил	АЛЬ-ТИКРИТИ	Құрама Штаттар
Тина	ВЕЛКИЧ	Құрама Штаттар
Джошуа	БЁРГИН	Құрама Штаттар
Дженни	СОУРИ	Құрама Штаттар
Стивен	ВАГЕНСЕЙЛ	Құрама Штаттар
Азизджон	ЮЛДОШЕВ	Өзбекстан
Дильфайруз	СУФИЕВА	Өзбекстан
Заурбек	АСЛАНОВ	Өзбекстан
Шомансур	ШАЯКУБОВ	Өзбекстан
Фарход	НАСРИДДИНОВ	Өзбекстан

Ұзақ мерзімді бақылаушылар

ДИАҚБ СБМ Негізгі тобы

Уршула	ГАЦЕК	Миссия басшысы	Польша
Горан	ПЕТРОВ	Миссия басшысының орынбасары	Солтүстік Македония
Зарона	ИСМАИЛОВА	Саяси аналитик	Германия
Адоल्фо	КАЮЗО-МАРТИНЕС	Сайлау аналитигі	Испания
Елена	КОВАЛЕВА	Құқықтық аналитк	Беларусия
Кира	КАЛИНИНА	БАҚ аналитигі	Ресей Федерациясы
Марсель	НАГИ	ҰМБ Үйлестірушісі	Мажарстан
Ивана	СТАННОЙЕВ	ПА Байланыс қызметкері	Сербия
Роберт	БЫСТРЫЦКИ	Статистикалық аналитик	Словакия
Лела	ТЦААВА	Әкімшілік сарапшысы	Грузия
Каролина	СЕМИНА	Сатып алулар мен келісімшарттар сарапшысы	Ресей Федерациясы
Михаил	ГОЛИДЖАШВИЛИ	Қауіпсіздік сарапшысы	Грузия
Фаррух	ДЖУРАКУЛОВ	Қаржы бойынша қызметкері	Тәжікстан

ДИАҚБ СБМ Ұзақ мерзімді бақылаушылар

Камиль	ФОРИТЕ	Франция
Мартин	РОССМАН	Австрия
Нина	ВЕССЕЛЬ	Норвегия
Бужар	ХАЛО	Италия
Элеонора	БУЛАТ	Молдова
Виктор	ПАЗИНСКИ	Швейцария
Ануш	ХАЙРАПЕТЯН	Армения
Стивен	ЯНГ	АҚШ
Энн	УЛИК	Германия
Андрей	КАРБОВСКИ	Ресей Федерациясы
Мария	АМАДОРИ	
Елена		Италия
Штефан	ЦИГЛЕР	Швейцария
Ева		
Кристин	ПЕДЕРСЕН	Норвегия
Алес	ЯКУБЕЦ	Чехия Республикасы
Моника	ДЖИАМБОНИНИ	Швейцария
Лев	ТАРСКИХ	Ресей Федерациясы
Шейла	ДЖАГАБ	АҚШ
Александр	БЕРДИТСКИЙ	Ресей Федерациясы
Машу	ПОУЛСЕН	Дания
Эмиль	ШАКИРУУЛЫ	Қырғызстан
Елизавета	БОРИСОВА	Ресей Федерациясы
Инго	БУЕТНЕР	Германия

ДИАҚБ ЖАЙЛЫ

Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) мүше елдеріне «адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу, құқық үстемділігіне жүгіну, демократия ұстанымдарын қолдау мен (...) демократиялық институттарды құру, күшейту және қорғау, сонымен қатар қоғамда толеранттылықты дамытуда» қолдау көрсететін ЕҚЫҰ-ның бас институты болып табылады (1992 жылғы Хельсинки саммитінің құжаты). Бұл ЕҚЫҰ жұмысындағы адами өлшемге сәйкес келеді.

Варшава қаласында (Польша) орналасқан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1990 жылы Париж саммитінде Еркін сайлау бюросы ретінде құрылды, ал жұмысын 1991 жылы мамыр айында бастады. Бір жылдан кейін адам құқықтары мен демократияландыруды қамтитын кеңейтілген мандатын көрсететіндей Бюроның аты өзгерді. Қазіргі таңда Бюрода 150-ден астам адам қызмет етеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ **сайлауларды бақылау** аясындағы Еуропадағы жетекші агенттік болып табылады. Ол жыл сайын ЕҚЫҰ аймағында өтетін сайлаулар ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлаулар мен ұлттық заңнамаға қатысты басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес өтетінін тексеру үшін бақылаушылардың жұмысын үйлестіріп, оларды орналастырады. Бюроның бірден-бір әдістемесі сайлау үдерістерін тұтастай және мұқият терең қарастыруға мүмкіндік береді. Қолдау көрсету жобалары арқылы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ мүше елдеріне сайлау өткізу жүйелерін жетілдіруге көмектеседі.

Бюроның **демократияландыру** жұмысы заңның үстемдігі, құқықтық қолдау көрсету, демократиялық басқару, көші-қон мен қозғалыс еркіндігі, гендерлік теңдік мәселелерін қамтиды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ демократиялық құрылымдарды дамыту үшін жыл сайын бірнеше мақсатты қолдау көрсету бағдарламаларын жүзеге асырады.

Сонымен бірге, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ адам өлшемі бойынша міндеттемелеріне сәйкес мүше елдеріне **адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды** қолдау мен қорғау жөніндегі міндеттерін орындауда көмек көрсетеді. Бұл терроризмге қарсы күрестегі адам құқықтары, адам сатудың құрбаны болған адамдардың құқықтарын орындау, адам құқықтары жөнінде білім беру, адам құқықтарының мониторингі мен есеп беру және әйелдердің адам құқықтары мен қауіпсіздігі мәселелері бойынша ынтымақтастықты нығайту, әлеуетті арттыру мен біліктілікті дамыту үшін түрлі серіктестермен бірге жұмыс істеу арқылы жүзеге асырылады.

Толеранттылықты дамыту мен дискриминацияны болдырмау саласында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ жек көрушілік негізіндегі қылмыстарға және расизм, ксенофобия, антисемитизм мен шыдамсыздықтың басқа да формаларына мүше елдердің жауап қайтаруын күшейтуде қолдау көрсетеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның толеранттылықты дамыту мен дискриминацияны болдырмауға қатысты әрекеттері келесі салаларға бағытталған: заң шығару, құқық қорғау мәселелері бойынша білім беру, жек көрушіліктен туындаған қылмыстар мен оқиғалардың мониторингі, олар бойынша есеп беру мен әрі қарай бақылау жүргізу, сонымен бірге, толеранттылық, құрмет пен өзара түсінушілікті насихаттайтын оқыту іс-шараларын өткізу.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ мүше елдеріне цыгандарға (**рома** мен **синти** топтары) қатысты саясаттары бойынша кеңес береді. Рома мен синти қауымдарының әлеуетін арттыру мен олардың арасында байланыс құруды қолдап, рома мен синти өкілдерінің заң шығарушы органдарда қатысуын арттыруын ынталандырады.

ДИАҚБ-ның барлық жұмыстары ЕҚЫҰ мүше елдерімен, ЕҚЫҰ институттары мен дала жұмыстарымен, сонымен қатар басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз байланыста және ықпалдастықта өтеді. Көбірек ақпаратты ДИАҚБ сайтынан табуға болады. (www.osce.org/odihr).